

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№114 (9432) | 1954 жылғы 8 июнь Сейсенбі | Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын

Мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу— кезек күттірмейтін міндет

Қазіргі уақытта облысымыздың жеті-жылдық және бастауып мектептерінде кластан класқа көшіру сынақтары мен емтихандар аяқталып, оқу жылының қорытындылары шығарылып жатыр. Ал, орта мектептерде мемлекеттік емтихандар тапсыру аяқталуға жуық.

Оқу жылының алғашқы қорытындылары облыс мектептерінің халық ағарту саласында алға қойылған міндеттерді шешуде ойдағыдай жұмыс істегендерін көрсетті. Қазіргі уақытта кластан класқа көшіру сынақтары мен емтихандарын ойдағыдай аяқтаған мектептер облысымызда көптеп саналады.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі біздің елімізде халық ағарту ісін барынша дамытуға, коммунизмнің болашақ құрылысына жағдай жасауға коммунистік рухта тәрбиелеуге ерекше көңіл бөліп, оларды қыйыншылықтан қорықпайтын, қайта оны жеңе білетін батыл, ержүрек патриот етіп тәрбиелеуге үздіксіз қамқорлық жасап келеді. Бұл қамқорлықтардың нәтижесінде мектептердің саны артып, жас ұрпақтардың жүйелі, сапалы білім алуы, ғылыми негіздерін терең меңгеруі қамтамасыз етілуде.

Қазіргі уақытта халық ағарту орындарының алдына қойылып отырған күрделі міндеттер мектептерде оқу-тәрбие жұмысын жақсартуды, олардың оқу-материалдық базасын нығайтуды, әрбір мектептің білімді, маман оқытушы кадрлармен толықтырылуын талап етеді. Бұл міндеттерді шешуде мектептерді жаңа оқу жылына ойдағыдай әзірлеу ерекше маңыз алады. Өйткені, мектептерде оқу-тәрбие жұмысын жақсарту, ең алдымен, жаңа оқу жылына ойдағыдай әзірленуге байланысты.

Бұл міндетті жете түсінген облысымыздың көптеген мектептерінің басшылары жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстарына осы бастан қызу кірісті. Олар көзінді өзінде мектеп үйлерін жөндеу, мектепті қысқа жеткілікті отынмен қамтамасыз ету, сол сияқты, жаңа оқу жылында оқушылар үшін қажетті оқулықтар мен басқа да құрал-жабдықтарды мектептерге дерезінде жеткізу жұмыстарын өрістете жүргізе бастады. Бұған мысал ретінде Қоңуов ауданындағы Қарақора орта мектебі мен Образец жетіжылдық мектебін аялағанымыз. Бұл мектеп-

Сондықтан облыстық және аудандық оқу бөлімдері, жергілікті партия, совет ұйымдары және шаруашылық орындары бұл жауапты міндетті ойдағыдай орындау жұмыстарын дерезінде ұйымдастырулары керек. Жаңа мектеп үйлерін салуды бірде-бір күн кешіктіруге болмайды. Өйткені, жаз айлары— мектеп салу үшін ең қолайлы мерзім.

Дегенмен, кейбір аудандық Совет атқару комитеттері мен оқу бөлімдерінің басшылары бұл жұмысқа немқұрайды қарап, мектептерді жаңа оқу жылына ойдағыдай әзірлеу жұмысына, әсіресе, жаңа ұйымдастырылған совхоздарда мектеп үйлерін салуға жеткілікті көңіл бөлмей отыр. Бұған мысал ретінде Октябрь ауданындағы жағдай толық дәлел бола алады. Бұл ауданда быылғы көктемде жанадан 6 астық совхозы ұйымдастырылды. Қазіргі уақытта бұл совхоздардың барлығында мектеп үйлерін салу жоспарланған болатын. Бірақ, аудандық оқу бөлімі (менгерушісі Дондуков жолдас) жаңа мектептер үйлерін салуды мүлде естен шығарған. Бұл ауданда бірнеше мектеп күрделі жөндеуден өткізілуде тиіс. Бірақ, ауданның көп мектептерінде бұл жұмыстар осы уақытқа дейін қолға алынған жоқ.

Жаңа оқу жылына үлгілі әзірлік тек мектеп үшін саналы жөндеумен ғана бітпейді. Әрбір мектепте қыс айларына жеткілікті отын қорының болуы керек. Алайда, Полудень, Преснов, Прешнім аудандарының көптеген мектептерінің басшылары осы күнге дейін мектептер үшін отын дайындау жұмысына мүлде кіріскен жоқ. Ал, бұл жұмысты ұйымдастыруға еңбекшілер депутаттарының аталған аудандық Совет атқамдери және ол аудандардың ауыл-селолық Советтері іс жүзінде көмек көрсетуге тиіс болса да, олар бұл мәселені өз назарларынан тыс қалдыруда.

Өткен оқу жылында облыстың көптеген мектептерінде оқушылар оқулықтардан тапшылық көрді. Әсіресе, ауыл-село мектептерінде оқу кітаптары жетіспей келді. Быйылғы оқу жылында бұл кемшіліктерді қайталанбауы қатаң ескерілуі керек. Ол үшін оқулықтардың, қарындаш, қалам, дәптерлердің мектептерге дерезінде жеткізілуіне баса назар аударылатын болсын. Бұл міндетті халық ағарту орындары мен жергілікті тұтыну-

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА

Шымкент қазақ драма театрына—20 жыл

ШЫМКЕНТ, 2 июнь. (ҚазТАГ). Шымкент қазақ театрына 20 жыл толды. Екі он жыл ішінде театр коллективі 5 мыңнан астам спектакль көрсетті. Қазақ пьесаларынан басқа «Ревизор», «Жазықсыз кінолаер», «Кеніккен махаббат», «Зулымдық және махаббат», «Екі мырзаға бір қызметші», «Америка дауысы», «Бүргенді төгей» және басқа пьесалар қойылды. Төрт жылдан бері театр сахнасына үзбей қойылып келе жатқан «Абай» спектаклі көрушілердің зор құрметіне бөленген. Серікбаева, Хайруллина, Бойкенов, Дүйсеков, Ордабаев сияқты сахна шеберлері театр құрылған күннен бастап қызмет істеп келеді. Оларға республиканың еңбек сіңірген артистері атағы берілген.

Театр ауыл-селолық клубтарға да зор көмек көрсетуде. Қазір театр артистері екі тонна бөлініп, колхоздарға жүріп кетті. Олар жаз бойы 300 концерт және спектакль көрсетеді.

Жаңа совхоздардағы жұмысшы кооперативтері

ҚОСТАНАЙ, 2 июнь. (ҚазТАГ). Облыстың барлық жаңа совхоздарында жұмысшы кооперативтері ұйымдастырылды. Оларды тәжірибелі сауда қызметкерлері басқарады.

Жаңа шаруашылықтың коллективтері қазір 25 кооперативтік автодүкендерді қамтыйды. Кооперативтер барлық совхоздарда асханалар, жылжымалы нан пісіретін орындар ашты.

Жаңа совхоздарда кооперативтердің товар айналымы үздіксіз өсіп келеді. Қазірдің өзінде олар миллион сомнан астам түрлі товарлар сатты.

Зайсан балықшыларының табыстары

ЗАЙСАН, (Шығыс Қазақстан облысы), 2 июнь. (ҚазТАГ). Зайсан тұзсыз кәліңде көктем дауылдары соғып өтті. Бассейннің кәсіпшілері ауа райының қолайлы болуын пайдаланып, шабак, шортан, сазан, алабұға аулау жарқынын үдете түсті. Кеше

Советтік Қазақстанда —(1-бет).
В. Григорьев— Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде озыт тәжірибелерді насихаттау (1-бет).
М. Нүрпейісов— Партия ұйымы еңбек өнімділігін арттыру күресінде (2-бет).
М. Камалиев —Саяси үгіт шаруашылық міндеттермен ұштастырыла жүргізілуде (2-бет).
А. Сейітбеков —Мектеп коллективтерінің абройлы міндеті (2-бет).
М. Аверин —Кино көрсету ісін жақсарту түсейік (2-бет).
МАЛДЫ ЖАЗҒЫ КҮНДЕРІ ҚОЛДА БАҒЫШ БҮТУДІ ҮЛГІЛІ ҰЙЫМДАСТЫРАЙЫҚ (3-бет).

Т. Тавилдарова —Малды қолда лагерьден жайып бағу (3-бет).
М. Мейірбеков —Мал шаруашылығы —мол табысты шаруашылық (3-бет).
Ю. Пастухов,— Балалар қуанышы (4-бет).
Ал. Ионов —Бір кездесудің тарихы (4-бет).
Б. Жақыпов —Тоқшын совхозында (4-бет).
А. Грибачев—Паспорт туралы тәртіп қатаң сақталсын (4-бет).
Женева кеңесінің төңірегінде (4-бет).



Талдықорған облысындағы Ленин 1952—1953 жылдардың көрсеткіштері бойынша Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға кандидат болып ұсынылды.
СУРЕТТЕ: (оңнан солға қарай) № 4 ферманың меңгерушісі М. Ысқақов, сауыншы Ж. Төлендинова жолдастар тобының жанында.
(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Кемшілердің жазғы демалысы

ҚАРАҒАНДЫ, 2 июнь. (ҚазТАГ). Қырым және Кавказ курорттарына Қарағанды кемшілерінің үлкен тобы жүріп кетті. Олардың ішінде қомбайн бригадасының бригадирі, құрметті шахтер Михаил Кавсовский бар. Ол өзінің демалысын төрт жыл бойы Сочиде өткізіп келеді.

Быйылғы жылы кемшілер кәсіподағының облыстық комитеті санаторийлер мен демалыс үйлеріне путевка алу үшін 4,5 миллион сом бөлді. Кавказдағы, Қырымдағы және Рига жағалауындағы және басқа жерлердегі демалыс орындарында 2500 кемшілер болады. Қазақстандағы «Шахтер» және «Воробьевка» демалыс үйлерінде 4000 шахтер денсаулықтарын түзейді.

Қарағанды шахталарының жүздеген

атындағы асыл тұқымды мал совхозы бойынша Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға кандидат болып ұсынылды.
СУРЕТТЕ: (оңнан солға қарай) № 4 ферманың меңгерушісі М. Ысқақов, сауыншы Ж. Төлендинова жолдастар тобының жанында.
(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Жаңа мектептер құрылысы

ГҮРЬЕВ, 2 июнь. (ҚазТАГ). Облыста мектептерді жаңа оқу жылына дайындау кең көлемде жүргізілуде. Есепол ауданының «Передовик» ауылшаруашылық артелинің мүшелері, Орликов және Тумин ауылдық Советтерінің еңбекшілері мектептерді жаңа оқу жылына дайындауға көмек көрсетуге шақырып, барлық колхозшыларға, жұмысшыларға және қызметшілерге арнап үндеу қабылдады. Олар 15 августқа дейін өздерінің күшімен мектеп үшін күрделі жөндеуден өткізуге, интернат, оқытушылар үшін екі тұрғын үй, спорт алаңын салуға міндеттенді. Мектеп жанындағы тәжірибе участогі үшін колхоз басқармасы бір гектар суармалы жер бөлді. Оқулықтар мен құрал-жабдықтар алу үшін 5 мың сом қаржы босатты.

Санитарлық-ағарту мәселелері жөніндегі Бүкілодақтық кеңес

4 июньде Москвада СССР Денсаулық сақтау министрлігі шақырған, санитарлық-ағарту мәселелері жөніндегі Бүкілодақтық кеңес аяқталды.

Кеңеске қатысушылар СССР Денсаулық сақтау министрінің орынбасары И. Г. Кочергиннің, министрліктің санитарлық ағарту бөлімінің бастығы В. С. Ерсовтың, Орталық санитарлық-ағарту институтының директоры Е. Г. Кармонованың баяндамаларын және халықтың арасындағы санитарлық-ағарту жұмысын туралы жергілікті жерлерден жасалған хабарларды талқылады. Санитарлық-ағарту ісін еліміздің еңбекшілерінің денсаулығын сақтау жүйесінде барған сайын маңызды орын алып келеді. Санитарлық-ағарту ісін 314 үйімен қатар медициналық және тазалық сақтау білімдерін жергілікті атқару комитеттерінің мәдениет басқармалары мен бөлімдері, Қызыл Крест және Қызыл Жарты ай қоғамдары, саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамдары насихаттайды.

Өткен жылы ғана осы ұйымдар өткізген лекцияларға 150 миллионға жуық адам қатысты. 40 миллион данаға жуық әртүрлі кітапшалар басылып шықты, көптеген арнаулы фильмдер көрсетілді.

Орта мектептерде денсаулық сақтау жөніндегі міндетті сабақтарды енгізудің нәтижесінде халықтың санитарлық мәдениеті едәуір артты. Мұнымен бірге, қолөнер училищелері мен ФЗО мектептерінде де тазалық сақтау жөнінде оқу енгізілді. Жұмысқа жанадан кіретін барлық адамдар, әсіресе, жас жұмысшылар үшін міндетті түрде нұсқау беру тағайындалды. Өнеркәсіп орындарының мастерлері мен ауыл шаруашылығының механизаторлары арнаулы тазалық сақтау жөніндегі курстарда оқиды. Тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындары мен сауда қызметкерлері үшін тағайындалған санитарлық білімнің міндетті минимумының айырықша зор маңызы бар.

Баяндамашылар және кеңеске қатысушылар мұнымен қатар санитарлық ағарту жөніндегі жұмыстың көптеген кемшіліктерін атап көрсетті.

Кеңес елімізде санитарлық-ағарту ісіндегі байқалған кемшіліктерді жойып, бұл істі оған әрі жақсартуға бағытталған бірқатар шаралар белгіледі.

(СОТА).

дайындық жұмыстарын жазірдің өзінде қызу жүргізуде. Мұнда мектеп үйлері кезекті жөндеуден өткізіліп, қысқа қажетті отындар мектеп жанына тасылып алынды.

Мектептерді жаңа оқу жылына ойдағыдай әзірлеу, — ең алдымен, мектеп үйлерін күрделі және кезекті жөндеуден өткізуді қамтамасыз ету деген сөз. Быйылғы жылы біздің облысымызда 55 мектеп күрделі жөндеуден өтуге тиіс. 486 мектепте жабайы жөндеу жұмыстары жүргізілімек. Сол сыяқты, облыс мектептері үшін жаңадан 600 парта, 160 класс тақтасы, 420 шкаф және 300-ге жуық орындықтар жасалуы қажет. Бұл жағдай облысымызда мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу жұмысының көлемі зор екендігін аңғартады.

Күрделі жөндеуден өтетін мектептерді жаңа оқу жылына дайындау жұмыстары 15 августқа дейін, ал, кезектегі жөндеуді қажет ететін мектептердің жөндеу жұмыстары 1 июльге дейін аяқталуға тиіс.

Белгіленген мерзімде мектептерді жаңа оқу жылына әзір етуге бізде толық мүмкіншілік бар. Мемлекет мектеп үйлерін жөндеу үшін мыңдаған сомдық құрылыс материалдарын бөліп отыр. Кәзір ол құрылыс материалдары жергілікті жерлерге жеткізілуде. Мәселе осы мүмкіншілікті орынды пайдалана білуде. Быйылғы жылы біздің облысымызда жаңа ұйымдастырылған астық совхоздарында жаңа мектептер салынбақ. Жаңадан мектеп үйлерін салу — жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстарының ең бастысы болып табылады.

В. М. Молотовтың ССРО, Франция, Англия және АҚШ Сыртқы істер министрлерінің Берлин кеңесінде сөйлеген сөздері жеке кітап болып басылып шықты

Мемлекеттің саяси әдебиет баспасы берлінің Берлин кеңесінде сөйлеген сөзі» В. М. Молотовтың «ССРО Франция, Англия және АҚШ Сыртқы істер министр-

лерінің Берлин кеңесінде сөйлеген сөзі» (1954 жылғы 25 январь — 18 февраль) деген кітабын басып шығарды. (СОТА).

Л. М. Кагановичтің Темір жол транспорты қызметкерлері Актівінің Бүкілодақтық кеңесінде сөйлеген сөзінің жеке кітапша болып басылуы

Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы Л. М. Кагановичтің «Темір жол транспортының жұмысы жақсартылып, жаңа өрлеуі ұйымдастырылсын» деген кітапшасын басып шығарды. Кітапшада Кагано-

вич жолдастың 1954 жылғы 8 майда темір жол транспорты қызметкерлері Актівінің Бүкілодақтық кеңесінде сөйлеген сөзі басылған.

Кітапшаның тиражы — 500 мың дана. (СОТА).

Жеңіл өнеркәсіптің жаңа кәсіпорындары

КНЕВ, (СОТА). Украинада аяқкіім, тігін, тоқыма жеңіл өнеркәсіптің жаңа кәсіпорындары салынууда.

Одессада ең жаңа техникамен жабдықталған аяқкіім фабрикасы іске қосылды. Бұл фабрика жылына 3 миллион пар аяқкіім шығарады.

Киевтің № 4 аяқкіім фабрикасы да толық жұмыс істей бастады. Үстіміздегі жылы мұнда модельді аяқкіімдер цехы өнім бере бастады.

Республиканың жібек және тігін өнеркәсібі де едәуір кеңейтілді. Ворошилов-

градта, Артемовкеде, Дрогобычте, Николаевта, Кировоградта, Переяслав-Хмельницкийде, Сумада ірі кәсіпорындары салынып жатыр.

Быйылғы жылы Одесса мен Львовтың жаңа шыны заводтары өнім бере бастайды. Мұнда барлық жұмыстар түгелімен механикаландырылған. Заводтар жылына 60 миллион бутылка шығарады. УССР Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары министрлігі кәсіпорындарында өндіріс қуатының арттырылуы быйылғы жылы халық үшін қажетті товар шығаруды едәуір ұлғайтуға мүмкіншілік береді.

дық жоғардан тыс ауланған алғашқы жүздеген центнер балықты жеткізді. Кәзір Зайсан балықшылары өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда балықты 40 мың пұт артық аулады.

Бассейннің балықшылары жаңа міндеттеме қабылдады. Жылдық программаны 7 ноябрьге дейін орындауды ұйғарды. Балық заводтарының өнім ассортименттері де кеңейіп келеді. Кәзір олар тұтынушылар үшін өткен жылғыдан бірнеше есе артық жаңа ауланған және кентірілген балықтар беруде. Кентірген балықтар шығару да 4 есе өсті.

Ірі ұтыстар

ТАЛДЫҚОРҒАН, 2 июнь. (ҚазТАГ). Тежелі полиметалл комбинатының жұмысшысы С. Жыйнақ қассасына мемлекеттік 1948 жылғы екі проценттік заемның жүз сомдық облигациясын әкелді, бұл облигацияға 50 мың сом ұтыс шықты. Быйылғы жылы Держинский ауданы, «Ветреча» ауылшаруашылық артелинің мүшесі заем ұстаушы Н. 50 мың сом ұтты. Бөлігөбе элеваторының жұмысшысы К. да осындай мөлшерде ұтыс алды.

Быйылғы жылы облыстың жыйнақ қассалары 5 миллион 200 мың сомнан астам ұтыс төледі.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде озат тәжірибелерді насихаттау

Үстіміздегі жылдың бірінші августында ашылатын Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі — біздің еліміздің барлық түкпірлерінде ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру үшін, мал шаруашылығының өнімдерін молайту үшін және социалистік ауыл шаруашылығының басқа да барлық салаларында аса зор табыстарға жету үшін күресте жыйнақталған бай тәжірибелерді кеңінен насихаттаудың және ол тәжірибелерді колхоздар мен совхоздардың өңдірісіне енгізудің бірден-бір күшті құралы болады.

Көрмеге 800-ден астам колхоз, 300 совхоз, 200 машина-трактор және арнаулы станциялар, 300-ден аса мал фермалары, көптеген ғылыми-зерттеу, тәжірибе және басқа шаруашылықтар, кәсіпорындары мен ұйымдар, мыңдаған ауыл шаруашылығының озаттары өздерінің өндірістік табыстарын әкеледі.

Көрмеге қатысушылардың тәжірибелерін насихаттаудың негізгі формалары оларды көптеген павильондарда, стендаларда және әртүрлі арнаулы орындарда көрсету болып табылады. Кәзіргі жүргізіліп жатқан көркемдеу жұмыстары алдыңғы қатарлы тәжірибелерді барынша терең ашып, бейнедей көрсетуге, оны көрушілерге — колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің өкілдеріне қонымды етіп көрсетуге ерекше назар аударылууда.

Көрмеге тек Советтер Одағының әртүрлі облыстарынан, өлкелерінен және республикаларынан ұйымдасқан түрде келген экскурсанттардан ғана күн сайын 3000

Алтай және Іле сыртындағы Алатаудағы альпинистер мен туристер лагеріне пүтөвка алады.

Самолет балықшыларға қызмет етуде

ГУРЬЕВ, 2 июнь. (ҚазТАГ). Самолет бортына автомашина келді. Автомашинада «Тірі уылдырықтар» деген жазу бар үлкен жәшіктер. Олардың ішінде ағаштан жасалған рамада суланған марлымен бөлінген ұяларда севрюга балығының қолдан өндірілген уылдырықтары бір-екі қатар болып орналастырылған. Жәшіктің түбіне жылдам бүдіретін бұл жүк — 2 миллион тірі уылдырықтың ұзақ уақыт сақталуы үшін мұз салынған. Бұл уылдырықтар самолетпен жеткізілгеннен кейін қатерлерге тиеліп, Сырдарияның салаларына жеткізіледі. Оған кейін уылдырықтан шыққан личинкалар өзгенге жіберіледі.

«Уралрыбоводтың» қызметкерлері және Арал балық өсірушілері Каспий севрюгасын Арал теңізінде өсіруге жеті жыл бойы еңбек етіп келеді. Жыл сайын Сырдарияға бұл қымбат балықтың миллиондаған личинкалары жіберіледі. Севрюгалар жылдам өсуде. Олардың кейбіреулерінің ұзындығы 65 сантиметрге жетеді.

Яданов атындағы ауылшаруашылық артелинде әдемі мектеп үйі салынып жатыр. Бұл мектеп үйі 1 сентябрьде 280 оқушыны қабылдайды. Оның құрылысы үшін миллион сомға жуық қаржы жұмсалды. Құлсары промыссы, Құлсары СЭС-і, Қоспағыл мұнай промыссы поселкелерінде де жаңа мектеп үйлері салынбақ.

Қамқорлық

КОКШЕТАУ, (ҚазТАГ). Челябин облысының «Магнит» Саткинскі заводы Зеренді ауданының Айдабол МТС-ін қамқорлыққа алған болатын. Олар жуырда тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан механизаторларға сыйлық ретінде 800 кітап жіберді. Олардың ішінде ауыл шаруашылығы жөнінде көптеген әдебиеттер бар.

Бригадалардағы радио станция

ҚОСТАНАЙ, 2 июнь. (ҚазТАГ). Днепрпетровск радио заводынан Қостанайға 350 «Урожай» радио станциясы келін түсті. Жуықтағы күндерде МТС-тер тағы да жүзден артық рациялар алады. Осымен МТС-термен әрбір трактор бригадаларының арасында екі жақты радио байланысты жасау аяқталады.

қатысушы озаттардың іс тәжірибелері туралы он мыңдаған дана кітапшалар шығару ұйғарылып отыр. Мұндай кітапшалардың жалпы көлемі екі мыңнан астам баспа табақ болады.

Озаттардың тәжірибелерін насихаттауға кино да қызмет етеді. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі ашылғанға дейін көрмеге қатысушылардың іс тәжірибелері мен табыстарын көрнекті түрде түсіндіру үшін павильондарда және кинотеатрларда 150 документті толық және қысқа метражды кинофильмдер, 40 «Ауыл шаруашылығының жаңалықтары» киножурналдар, 150 диафильмдер мен диалогитивті комплекстер әзірленеді. Жергілікті радиомен хабар тарату орындары да көрмеге қатысушылардың тәжірибелерін насихаттау мақсатына қызмет етеді.

Көрмеге қатыстырылған алдыңғы қатарлылардың бай тәжірибелерін үйрену және қорытындылау жөнінде мұнда үлкен жұмыстар жүргізіледі. Экспонанттар тәжірибесін қортындылау жұмысына көптеген ғылыми-зерттеу институттері мен тәжірибе станциялары, ауыл шаруашылығының мамандары мен көрмеге қатысушылардың өздері қатыстырылатын болады.

Сөйтіп, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесін халық шеберлігінің нағыз мектебіне айналдыру үшін онда насихаттың әртүрлі формалары пайдаланылады.

В. ГРИГОРЬЕВ,

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің насихат басқармасы бастығының орынбасары.

XI съезі делегаттарының келуі

ССРО Кәсіподақтарының XI съезінің ашылатын күні жуықтап келеді. Бұл күндерде Москваға еліміздің барлық түкпірлерінен делегаттар келіп жатыр. Олардың ішінде өнеркәсіптің, транспорт пен құрылыстардың жаңашылдары, МТС-тер мен совхоздардың озат адамдары, оқытушылар, дәрігерлер, искусство қызметкерлері және басқалары бар.

Чкалов облысынан Большевик МТС-нің комбайншысы Социалистік Еңбек Ері Н. П. Варакин, Уралдан Серов металлургия заводының жаңашыл болат қорытушысы Г. П. Злыгостев келді.

Келген делегаттардың ішінде кірішті шаның әдіспен күйдірудің нұсқаушысы П. А. Дуванов, куйбышевтік станок жасаушылардың делегаты шапшаңдатылған әдіспен жұмыс істеуші атакты токарь, ал, кәзір нұсқаушы В. А. Колесов, Тамбовтың № 19 орта мектебінің директоры РСФСР-дің еңбек сіңірген мұғалимасы А. И. Андреева, Глуковтағы Ленин атындағы мақта-мата комбинатының жін ирүшісі Л. И. Аваньева, Новороссийскінің «Октябрь» цемент заводының жаңашылы Ф. Ф. Николаев, Вугурусаланнан келген жас мұнайшы комсомолец А. Савадин бар.

Съездің делегаттары кеше Москвадың тарихи орындарын көрді. Олардың көпшілігі В. И. Лениннің Орталық музейінде, ССРО-ның Революция музейінде, көрмелерде, театрларда және концерт залдарында болды.

(СОТА).

ССРО Әуе Флоты күні қарсаңында

Еліміздің қалалары мен селоларында ССРО Әуе флоты күніне дайындық басталды. Одақтас республикаларда, өлкелер мен облыстарда самолет, планер және парашют спорты бойынша жаппай жарыстар өткізілуде. Оған армияға, авиацияға және флотқа көмектесу ерікті қоғамының бастаушы ұйымдарының мыңдаған спортшылары қатысуда.

Көптеген қалалар мен аудандарда авиомодельшілер жарысы өткізілуде. «Кіші авиацияның» конструкторлары модельдерді алысқа ұшыру, әуеде көп уақытқа дейін ұстау және ұшу жылдамдығы жөнінен командалық және жеке бірінші орындар үшін жарысуда.

Быйылғы жылы армияға, авиацияға және флотқа көмектесу ерікті қоғамының мүшелері самолет және парашют спорты бойынша Бүкілодақтық және дүниежүзілік алты жаңа рекорд жасады. Спортшылар самолет, планер, парашют спорты және авиамодельдер жөнінде барлығы Бүкілодақтық 220 рекорд жасады. Оның ішінде дүниежүзілік 69 рекорд бар.

Москвадың кәсіпорындарында, мекемелері мен оқу орындарында армияға, авиацияға және флотқа көмектесу ерікті қоғамы мүшелерінің Совет авиациясының даңқты адамдарымен кездесулері өткізілуде.

(СОТА).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Ауыл-селодағы партиялық-саяси жұмыс

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумы өзінің қаулысында ауыл шаруашылығын өркендету үшін жасалып жатқан материалдық жағдайлар мен мүмкіндіктер партия ұйымдарының жұмысын жақсартпайынша, өзінен-өзі тиісті нәтиже бермейтінін атап көрсетіп, селодағы партиялық-саяси жұмысты мейлінше күшейтуді, партия басшылығын колхоз, совхоз өндірісіне жақындата беруді талап етті.

Аудандық партия аппаратын СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысына сәйкес қайта құру ауыл-селодағы партиялық-саяси жұмысты өскелең міндеттердің дәрежесінде ұйымдастыру үшін толық мүмкіндік берді. Бүгін еліміздегі сыяқты, біздің ауданда партия комитетінің секретарьлары бастаған МТС аймақтары бойынша партия қызметкерлерінің топтары жұмысқа кіріскелі бір-қатар уақыт өтті. Аудандық партия комитетінің Ленин атындағы МТС аймағы бойынша топ қызметкерлерін мен басқарамын.

Айта кету керек, алғашқы кезде топтың құрамы тиісті нұсқаушылармен кезінде толықтырылмады. Сондықтан өткен жылдың декабрь және үстіміздегі жылдың январь, февраль айларында аймақта жалғыз жұмыс істеуге тура келді. Дегенмен, жаңа жағдайда жұмыс істеудің игі нәтижелері байқалады.

Мен жұмысты МТС-тің және оның қамтуындағы 10 колхоздың экономикасымен, партия ұйымдарымен танысудан бастадым. Өйткені, былай болмайынша түбірлі мәселелерді білу, оған баса назар аудару бірден қиын болды. Рас, бұрын аудандық комитетте бөлім меңгерушісі болып істегенімде станцияда және оның колхоздарында бірнеше рет болғаным бар. Бірақ, ол кезде көбінесе белгілі бір тапсырмалармен келіп, кезекті бюро мәжілістері мен пленумдарға қажетті фактілер мен мәліметтер жыйнаумен шұғылданып, селодағы шаруашылық және партиялық-саяси жұмыстың жайымен терең таныса алмайтынбыз. Кәзір жағдай мүлдем басқа.

Станцияда, колхоздарда алғашқы кезде бірнеше рет болып, мал қыстату маусымының жайына, көктемгі егіске әзірлік мәселелеріне, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысының насихатталуына назар аудардым. Әресе, артта қалған шаруашылықтарда, Аманкелді атындағы, «Талапкер», «Путь Ленина», «Путь Октября» сыяқты колхоздарда істің мүддесі қанша қажет етсе, сонша болуға тура келді. Шаруашылық және саяси жұмыстарды ұйымдастыруда орын тепкен елеулі кемшіліктердің беті ашылды.

Мәселен, Аманкелді атындағы колхозда жеміш жеткілікті болды. Бірақ, ферма меңгерушісі Шәріпов жолдастың жауапсыздығы салдарынан жемішті малға ұқшатылып берілмеді. Мал өсірушілермен әңгімелескенде, олар СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын жете

ністер мен комсомолдар болды. Колхозшылар жыйналысының талабы бойынша Ө. Көпбергенов колхозта қайта оралды. Комсомол ұйымы оның тәртібі жөнінде мәселе қарап, Көпбергеновты батыл сынады. Ол өзінің жінісін мойындап, мал шаруашылығында қажырлы еңбек ету жөнінде сенім білдірді. Көпбергенов аз күннің ішінде өзінің адал еңбегімен көзге түсті. Сондықтан колхозшылар оны сыбай мал фермасының меңгерушісі етіп тағайындады.

Сонымен қатар, колхоз партия ұйымы мал өсірушілер арасындағы саяси жұмысты жақсарту жөнінде қажетті шараларды жүзеге асырды. Үгітшілердің келесі өткізді. Онда колхоз председатели Мәдиев жолдас мал қыстату маусымының жайы туралы хабарлады, мен үгітшілердің СОКП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумының қаулысын насихаттау жөніндегі міндеттері туралы баяндама жасадым. Осының нәтижесінде үгітшілер өздерінің әңгімелерін мал өсірушілердің алдында тұрған нақтылы міндеттермен байланыстырып, жұмыстағы кемшіліктер туралы көшілік пікірін ұйымдастыратын болды.

Мал шаруашылығында жұмыс істейтін колхозшылардың құрамын таңдаулы адамдардың, коммунистер мен комсомолдардың есебінен толықтыру, мал фермаларында бұқаралық-саяси жұмысты жақсарту өзінің игі нәтижесін берді. Колхоз мал қыстату маусымын үлгілі өткізді, көршілес отырған «Путь Ленина», «Путь Октября» ауылшаруашылық артельдеріне 1000 центнерге жуық шөп беріп, үлкен көмегін тигізді. Осы сыяқты жұмыстар бұрын артта қалып келген «Талапкер», «Образцовый», «Путь Октября», «Путь Ленина», және басқа колхоздарда да жүргізілді. МТС аймағындағы ауыл-село коммунистері мен комсомолдарының 25—30 проценті тікелей мал шаруашылығында жұмыс істейтін болды.

Аудандық партия комитетінің нұсқаушылар тобының алдында тұрған айбынды міндет көктемгі егіске үлгілі әзірлену, оны агротехникалық қысқа мерзімде өткізу, сөйтіп, астық өндірісін арттыру, тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде алғашқы кезеңдегі күресті қызу ұйымдастыру болды. Бұл зор міндетті орындауда біз бастауыш партия ұйымдарының назарын коммунистердің авангардтық ролін арттыруға, колхозшылар мен МТС қызметкерлерінің арасындағы социалистік жарыстың кеңінен өрістетуге аудардық. Ұйымдастыру және саяси жұмыстың барлық әсері, міне, осы мақсатқа арналды.

МТС-тің колхоз өндірісін ұйымдастыруда шешуші роль атқаратыны мәлім. Сондықтан станция партия ұйымының жұмысын мейлінше жақсартудың зор маңызы бар. Рас, партия ұйымының секретары Кузнецов жолдас партия жұмысында көп істеген тәжірибелі адам. Солай бола тұрса да, оған үнемі көмек беріп

тор бригадасында партия топтары, бір бригаданда комсомол ұйымы ұйымдастырылды. Оларды қажырлы еңбегімен үлгі көрсетіп жүрген беделді механизатор-коммунистер Шайхин, Нұрғалиев, Дараған, комсомолец Савин жолдас-тар басқарды. Мен және топтың соңғы кезде келген нұсқаушысы Мәженов жолдас трактор бригадаларында үнемі болып, партия топтары мен комсомол ұйымының жұмысына үнемі көмек көрсетіп отырды. Партия топтары өздерінің жыйналыстарында механизаторлардың социалистік жарысының барысы, саяси үгіттің мазмұны жөнінде мәселе талқылап отырды. Олар егіс бригадаларында агрономдардың күшімен тың жерлерді игерудің агротехникалық шаралары жөнінде лекциялар оқуды ұйымдастырды.

Бригадаларда жауынгерлік листоктар, үгітшілердің әңгімелері, көрнекі үгіт егіс жұмыстарын агротехникалық қысқа мерзімде өткізу мүддесімен ұштастырылды.

Механизаторлар мен колхозшы шаруалар көктемгі егіске қажырлы еңбектің үлгісін көрсетті. «Талапкер» колхозында жұмыс істейтін кубаньдық Павленко жолдас трактор бригадасы көктемгі егіс жұмыстарын 15 майда аяқтады. МТС қамтуындағы колхоздар көктемде 4 мың 221 гектар тың жер жырттып, оған дәнді дақылдар септі. Быйыл колхоздар картопты, жүгеріні бірінші рет шаршы-ұялы әдіспен отырғызды.

Кәзір аудандық партия комитетінің топ қызметкерлері көктемгі егіске әзірлік және оны өткізу кезіндегі партиялық-саяси жұмыстың тәжірибелері мен түрлерін оның әрі баянды етіп, пар жырту, мен шабу, егісті баптап куту және басқа жұмыстарды үлгілі ұйымдастыру мақсатын көздеп отыр.

Топ қызметкерлері жұмысының алғашқы қадамдары, міне, осындай. Бірақ, мұның бөрінен біздің жұмысымызда кемшіліктер жоқ деген ұғым тұмайды. Топ қызметкерлері партия мен үкметтің ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету жөніндегі қарарларын орындауды ұйымдастыру, партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмысты жақсарту жөнінде бастауыш партия ұйымдарына, олардың секретарьларына көмекті күшейту жөнінде әлі де, көп жұмыстар істеуге тиіс.

Жаңа жағдайдағы партиялық-саяси жұмыс аудандық партия комитеттері секретарьлары бастаған нұсқаушылар тобының жұмысына үнемі назар аударып отыруды талап ететіні мәлім. Алайда, аудандық партия комитеті бұл жөнінде әлі де болса мардымды ештеңе істей алмай отыр. Ең алдымен Ленин атындағы МТС аймағындағы 10 колхозда бір-ақ нұсқаушының болуы мүлдем төзгісіз. Аудандық комитет топтың құрамын нұсқаушылармен толықтыру ісіне жете мән бермей келеді.

Сондай-ақ, аудандық партия комитеті МТС аймақтарындағы топ қызметкерлерінің жұмысын қызу сөйтіп, нұсқаушы

Саяси үгіт шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізілуде

Аманкелді атындағы колхоздың (Совет ауданы) партия ұйымы СОКП Орталық Комитеті сентябрь және февраль-март пленумдарының қаулыларын насихаттау жұмысын мазмұнды жүргізіп келеді. Партия ұйымы үгітшілер коллективін саяси сауатты, бұқара арасында беделді коммунистер мен комсомолдар, мектеп оқытушылары және басқа ауыл интеллигенттері есебінен толықтырып, олармен бұқаралық-саяси жұмыстың түрлері мен әдістері жөнінде семинар кештерін, тәжірибе ауыстыру жұмыстарын жүргізіп отырды. Мұның бәрі саяси үгітті шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізу үшін мүмкіндік беруде.

Партия ұйымы көктемгі егіс кезінде саяси үгітті ұйымдастыруда айтарлықтай нәтижелерге ие болды. Үгітшілер әрбір егіс және трактор бригадасында болып, колхозшылармен, механизаторлармен топтық және жеке әңгімелер ұйымдастырды, егіншілердің мәдени қостарын көрнекі үгітпен жабықтады. Олар колхоз басқармасы, егіс және трактор бригадаларының бригадирлерімен үнемі байланыс жасап, өздерінің әңгімелерінде дала жұмыстарының барысы жөніндегі фактілерді пайдаланды. Мәселен, үгітші коммунист В. Ахметов жолдас көктемгі егіс кезінде «Еңбек өнімділігін арттыру—табыс кілті» деген тақырыпты әңгімесінде озат тракторшы Темірғали Бейсеновтың жұмыс тәжірибесін айтып, жұмыста ақау жіберген тракторшыларды, тұқым себушілерді сынга алды.

Оқу үйінің меңгерушісі Қабиева жолдас егіс, трактор бригадалары үшін көнпелі кітапхана ұйымдастырып, колхозшылар мен механизаторлардың көркем әдебиет кітаптарды, ауыл шаруашылығы жөніндегі әдебиеттерді оқуын ұйымдастырды. Егіс бригадаларында кітап оқушылардың жыйналыстары өткізілді.

Жетіжылдық мектептің оқытушылары көктемгі егіс кезінде бригадаларда жиі болып, бұқаралық-саяси жұмысқа белсене қатысты. Олар бригадаларда қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар шығаруға көмектесті. Бригадаларда шығарылған қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктарда еңбектің озат әдістерін насихаттаумен бірге, жұмыстағы кемшіліктер қатаң сынга алынды. Бұл жөнінде мына бір фактіні айта кетуге болады.

Колхозда жұмыс істейтін Шағлы МТС-і № 2 трактор бригадасында «ДТ—54» тракторы ұзақ уақыт техникалық жарамсыз болғандықтан жұмысқа қосылмады. МТС-тің бас инженері Котрович жолдас бригаданда бірнеше рет болғанда ол тракторды жөндеу жөнінде ешбір шара қолданбады. Сондықтан жауынгерлік листоктың кезекті бір нөмірінде Котрович жолдас жұмыстағы жауапсыздығы сыналды. МТС дирекциясы жауынгерлік листоктың дабылына кезінде құлақ асып, «ДТ—54» тракторын жөндеу жөнінде дереу шара қолданды.

Бастауыш партия ұйымының саяси үгітті әсерлі ұйымдастыру міндеттері

Мектеп коллективтерінің абройлы міндеті

Облысымыздың халық ағарту орындары мен мектеп басшыларының алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі — емітиханды ойдағыдай аяқтаумен қатар, мектептерді жаңа оқу жылына мезгілінде әзірлеу болып табылады. Мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу жұмысын ерте бастан қолға алу — бұл, ең алдымен, мектеп үйлерін сапалы жөндеу деген сөз.

Жоспар бойынша быйылғы жылы облысымызда 55 мектепте күрделі жөндеу ал, 486 мектепте жеңіл жөндеу жұмыстары жүргізілуге тиіс. Сонымен бірге, мектептерді жалпы жабықтау үшін 600 парта, 150-ден астам класс тақталары, 420 шкаф, 300-дей орындықтар жапандан дайындалады.

Мектепті жаңа оқу жылына әзірлеу жұмыстары август айының 15-інен қаламай толық аяқталуға тиіс. Кәзіргі уақытта бастауыш, жетіжылдық мектептерде оқу жылы аяқталды. Бұл жағдай бұл мектептер үйін жөндеу жұмысын осы бастан қолға алуға толық мүмкіншілік береді. Сондықтан, әресе, күрделі жөндеуден өтетін мектеп үйлерін осы күннен жөндеу жұмыстарын қолға алу қажет.

Мектеп үйлерін жөндеу жұмыстарындағы өткен жылдың кемшіліктері быйылғы жылы қайталанбауға тиіс. Мәселен, өткен жылдары Приешіп, Соколов аудандық оқу бөлімдерінің басшылары күрделі жөндеуден өтетін мектеп үйлері үшін қажетті құрылыс материалдарын деркезінде ала алмағандықтан мектеп үйлерін жөндеуді ұзаққа созды. Ал, көптеген мектептер жаңа оқу жылын күрделі жөндеу жұмысын жүргізбестен бастауға мәжбүр болды.

Кейбір аудандық оқу бөлімдері мектеп үйлерін жөндеу ісіне мемлекет босатқан қаржыны толық пайдаланып, мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеуге жағдай жасай алмады. Бұл сыяқты кемшілік Преснов ауданындағы Баян орта мектебінде, Ленин ауданындағы Жарайын жетіжылдық мектебінде, Совет ауданындағы Еркіндік мектептерінде кездесті.

Мектеп үйлерін жөндеу жұмыстарының сапалы жүргізілуіне мектеп басшылары баса көңіл аударулары керек. Көптеген мектеп басшылары өткен жылы жөндеу жұмыстарының қызған кезінде демалысқа шығып кетіп, бұл жұмыстардың бақылаусыз жүргізілуіне жол берді. Соның салдарынан жаңа оқу жылын дайындықсыз бастаған мектептер де болды.

Мектеп үйлерін тыңғылықты жөндеу үшін қажетті құрылыс материалдары мен жабықтарды деркезінде дайындап алудың зор маңызы бар. Кәзіргі уақытта Петропавлдың құрылыс қоймаларында,

сол сыяқты, аудан орталықтарында бұл материалдар толық бар. Өңгіме, осы материалдарды деркезінде мектепке жеткізуде болып отыр.

Ленин ауданының көптеген мектептерінің басшылары, «мектеп үйін жөндеуге әлі уақыт жеткілікті» деген бөгде себеппен бұл материалдарды алуды деркезінде ұйымдастыруды естен шығарып отыр. Бұған Қарағанды жетіжылдық мектебіндегі жағдайдың өзі ғана толық дәлел.

Быйылғы жылы облыс мектептері үшін 34 мың текшеметр отын даярлау керек. Мектепті қысқы отынмен жабықтауды осы бастан қолға алып отырған мектептер аз емес. Мәселен, Котухов ауданындағы Образец, Қарақоға мектептері 15 майға дейін жартыжылдық отын қорын дайындап алды. Бірақ, облысымыздың көптеген мектептері қысқы отын дайындау жұмысын мүлде естен шығарып алған. Бұған мысал ретінде Октябрь ауданының мектептерін алуға болады. Бұл аудандағы мектептердің басшыларының бірде-бірі осы уақытқа дейін өздерінің отынды қай уақыттан дайындайтындығын да белгілеген жоқ.

Облысымызда пайдаланылмай жатқан тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты ұйымдастырылған Преснов, Вудав, Октябрь аудандарындағы және совхоздарда мектеп үйлерінің жаңа оқу жылына дейін салынған бітуін қамтамасыз ету — аудандық оқу бөлімдерінің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Сондықтан олар жергілікті партия және совет ұйымдарымен бірлесі отырып, бұл жаңа мектептерге қажетті құрылыс материалдарын кәзірден бастап дайындап, мектеп үйлерін салу жұмысының ұйымшылдықпен жүргізулеріне жетісулері қажет.

Жаңа оқу жылына дайындықта оқушыларды оқулықтармен, қажетті құралдармен қамтамасыз ету — маңызды міндеттердің бірі. Кәзірдің өзінде облыс мектептері оқушылары үшін қажетті оқу құралдарының 50 проценттен астамы облыс орталығына жеткізілді. Бірақ, тұтынушылар одағы мен халық ағарту орындарының бұл жұмысқа жауапсыз қарауы салдарынан осы оқулықтар жергілікті жерлерге таратылмай отыр.

Жаңа оқу жылына осы күннен қызу әзірлену — мектептердің оқу жылын ұйымшылдықпен бастауының кепілі. Сондықтан халық ағарту орындары мен мектеп басшылары жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстарын деркезінде қолға алып, оны қызу жүргізуге жетісуге міндетті.

А. СЕЙТБЕКОВ,

Облыстық оқу бөлімі мектеп секторының меңгерушісі.

Кино көрсету ісін жақсарту түсейік

Кәзіргі уақытта облысымызда 119 кино-установка жұмыс істейді. Бұлардың 108-і село өңірлерін қамтайды. Ал, облыстық кинопроект қоймаларында отандық және халық демократиялық елдердің көптеген терең идеялы, көркемдік дәрежесі

Аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Долженко және кино жұмысы жөніндегі аға инженер Исакова жолдас етінде қолда бар киноустановкалардың дүрді жұмыс істеуін ұйымдастыра алмай отыр. Аудандық бөлімдегі жылжымалы кино-

лығы жөнінде арнаулы күресте болған колхозшы-комсомолец Әлібек Көпбергенов өзінің жеке мүддесін бөрінен де жоғары санап, колхоздан басқа жаққа кетіп қалған.

Колхоз басқармасы мен партия ұйымына бригадалар бойынша колхозшылар жыйналысын өткізу ұсынылды. Жыйналысқа екі-үш күндей әзірлік жұмыстары жүргізілді. Егіс бригадалары мен мал фермаларындағы адамдармен топтық және жеке әңгімелер өткізілді, колхоз өндірісін ұйымдастыру жөнінде олардың бағалы ұсыныстары есепке алынды. Колхозшылар жыйналысқа ұйымшылдықпен келді. Колхоз председатели Мәдиев жолдас мал қыстату маусымының барысы жөнінде баяндама жасады. Колхозшылар күн тәртібіндегі мәселені талқылауға белсене қатысып, мал азығындық дөңді таңдаларды ұсытып беруді, фермаларға таңдаулы колхозшыларды жіберуді талап етті.

Осыған байланысты колхоз басқармасы мен партия ұйымы бірлесе отырып, мал шаруашылығына қосымша адамдар жіберді. Олардың басым көпшілігі комму-

старту қажет болды. Екінші партия ұйымы басшы қызметкерлердің, мамандардың жұмысқа жауапкершілігін арттыру, оларды бұқаралық-саяси жұмысқа белсене қатыстыру мәселелеріне ерекше назар аударды. Осының нәтижесінде МТС-тің инженер-техник қызметкерлері мен ауылшаруашылық мамандары механизаторлар мен колхозшы шаруалар арасындағы ұйымдастыру және саяси жұмыста зор күш болуға айналды.

Станция жанында лекторлар тобы ұйымдастырылды. Оның құрамындағы МТС-тің бас агрономы Чиншилов, участок агрономы Сыздықов, бас инженер Швец, механик Иванов, зоотехник Чукова жолдастар механизаторлар мен колхозшылар үшін агро-зоотехникалық және техникалық тақырыптарда үнемі лекция оқытып болды.

Көктемгі егіс кезінде трактор және егіс бригадаларының жұмысты өнімді істеуіне ерекше назар аударылды. Трактор бригадаларында жас тракторшылар мен тәжірибелі тракторшылардың бірлесіп жұмыс істеуі қарастырылды. Үш тра-

кторларды аймақ жөніндегі секретарьлар партиялық жұмыстың практикалық мәселелеріне үйрету жөнінде ештеңе істеген жоқ дегуге болады. Істің мүддесі МТС аймақтарындағы партия қызметкерлерінің жұмыс тәжірибелерін байытты, олардың білімдерін, әсіресе, ауыл шаруашылығы жөніндегі білімдерін арттыра беруді талап етеді. Аудандық партия комитетінің бірінші және екінші секретарьлары, бөлім меңгерушілері нұсқаушыларды колхоздар мен станциядағы жұмыс үстінде іске үйретіп отырса, өте пайдалы болар еді.

Аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі топ қызметкерлері коммунистермен, колхозшылармен және МТС қызметкерлерімен байланысын барған сайын нығайтып, ауыл-селодағы партиялық-саяси жұмысты жақсартуда жаңа нәтижелерге ие бола береді.

К. ҚОПЫШОВ,

Приешім аудандық партия

комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары.

ла жұмыстарын агротехникалық қысқа мерзімде аяқтауға қажетті ықпал жасалды. Колхоз көктемде 500 гектар тың және тыңайған жерлер игеріп, оған дөңді дақылдар септі. Мұнда егіс жұмыстары 19 күнде аяқталып, жоспардан тыс 350 гектар тың жерге қатты бидай себілді.

Көзір колхозда пар жұрту жұмыстары қызу жүргізілуде. Колхоз партия ұйымы көктемгі егіс кезіндегі саяси үгіттің табыстарын онан әрі баянды етіп, колхозшы шаруалар мен механизаторлардың социалистік жарысын қызу ұйымдастыруды бүгін таңдағы басты міндет етіп қойып отыр.

Аманкелді атындағы колхоз быыл көктемдегі егіс үшін 2 мың гектардан астам тың және тыңайған жерлерді игереді. Бұл — игілікті іс. Партия ұйымы ауылдағы партиялық-саяси жұмысты мазмұнды ұйымдастыру арқылы колхозшылар бұқарасын табыстан табысқа бастай береді.

М. КӘМӘЛНІЕВ,

ҚКП Совет аудандық комитеті кітапханасының меңгерушісі.

ТЫҢДАУШЫЛАР ТЕРЕҢ БІЛІМ АЛДЫ

Оқу жылының барысында мен сабақты мазмұнды ұйымдастыруға, тыңдаушылардың марксизм-ленинизм негіздерін үйренуге деген ынталықтарын арттыруға ерекше назар аудардым. Бұл үшін аудандық партия комитетінің жанындағы семинарларда жиі болу, партия насихаты жөніндегі әдебиеттерді үнемі оқу арқылы өзінің теориялық білімінді, насихатшылық тәжірибемді байытып отырдым. Оқу жылының аяғындағы қорытынды сабақтар менің бұл еңбегімнің нәтижелі болғандығын көрсетті.

Үйірме оқу программасын толық өтті. Қорытынды сабақтардың алдында тыңдаушылармен бірлесе отырып, өткен материалдар бойынша қандай мәселелер қайталану қажет екенін анықтадық. Қорытынды сабақтарда партия тарихы қысқаша курсының төртінші тарауы бойынша «Диалектикалық және тарихи материализм туралы» деген тақырыпты, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумы қаулысының селодағы партиялық-саяси жұмыс жөніндегі тарауын қайталау ұйғарылды. Бұл материалдар жөнінде үш рет қорытынды сабақтар өткізілді. Қорытынды сабақтарда тыңдаушылар жыл бойы өткен материалдар бойынша терең білім алғандықтарын байқатты.

Үйірме тыңдаушысы Маслий жолдас диалектикалық әдістің бірінші белгісі жөнінде мазмұнды баяндады. Оқытушы Степанов жолдас партияның халық бұқарасымен байланыстылығының зор маңызы туралы айтты. Тыңдаушылар Семелова, Беспалова және басқаларының әңгімелері де мазмұнды болды.

Қорытынды сабақтардың соңында тыңдаушылар партия оқуының келесі оқу жылында қайда оқу жөнінде пікір алды.

В. КОРШУНОВ,

Үйірме насихатшысы.

маңызы ерекше зор. Партия ұйымы бұған үлкен мән беріп, озаттардың жұмыс тәжірибелерін көпшілік игілігіне айналдыру ісіне белсене араласып отырады.

Өндіріс озаттарының тәжірибесі «Озаттар қатарына теңелейік» деген рубрикамен цех қабырға газеттеріне жазылып, басқа тігіншілерге үлгі ретінде ұсынылады. Оның үстіне партия ұйымы озаттардың тігіншілермен кездесіп, өзара пікір алысуын ұйымдастырады. Өндіріс озаттары мен бригадирлердің және цех бастықтарының кеңесін өткізеді.

Жақында өткен осындай бір кеңесте озат бригаданың бригадирі В. Кубасова жолдас еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің өзіндік құнын арзандатуға қалай жетіскені жөнінде айтты, өзінің жұмыс тәжірибесін ортаға салды. Бұдан кейін ол Яценко жолдасының бригадасын сыңа алды. Бригададағы Волкова, Боброва және Венденко сыяқты тігіншілер өздерінің еменалық нормаларын орындамайды. Соның салдарынан бригада өндірістік тапсырмаларын мезгілінде орындамай, цехты кейінгі орынға тартып отыр.

Партия ұйымы Яценко жолдасының бригадасында тапсырманың орындалмау себебін ашуды ұйғарды. Артель партия ұйымының секретары Поляева жолдас бригадала болып, тігіншілермен әңгімелесті. Бригаданың жұмысын, машиналардың күтімін тексерді. Тексеріс нәтижесінде бригадада социалистік міндеттемелер қабылданса да, оған уақытылы қорытынды жасалмай, қағаз жүзінде қалатындығы анықталды.

Поляева жолдасының қатысуымен мұнда бригаданың өндірістік жыйналысы өткізілді. Онда цех қабырға газетінде осы бригада жөнінде жазылған сын мақала талқыланды. Тігіншілер бірінен соң бірі шығыш сөз сөйлеп, жұмысты ілгері бастыруға бөгет болып отырған кемшілік-

тердің бетін алғты. Боброва, Волкова және Венденко жолдастар бригада мүшелерінің алдында өздерінің кінәсін мойындап, еменалық нормасын әрдайым орындап отыруға уәде берді.

Партия ұйымы тарапынан жүргізілген бұл шаралар өзінің игі нәтижесін беруде. Артель аймақ тапсырмалары үнемі артығымен орындап келеді. Тек бірінші тоқсанның өзінде ғана жоспар артығымен орындалып, 32 мың сомнан астам қаржы үнемделді.

Артель коллективі февраль, март айларында ауыл шаруашылығының заңын мерзімінен бұрын орындап, 1586,9 сомның киімін тікті. Механизаторларға жергілікті жерлерде киім тігуді ұйымдастыру мақсатымен партия ұйымы артель басқармасымен келісе отырып, Асанов МТС-іне үш адамнан құралған тігіншілер бригадасын жіберді. Бригаданы тәжірибелі тігінші П. Иващенко жолдас басқарады. Көзір тігіншілер бригадасы МТС жанынан арнаулы тігінші мастерскойын ашып, механизаторлар үшін түрлі киімдер тігуге қызу кірісті. Сол сияқты Октябрь ауданындағы жаңа ұйымдастырылған Докучаев атындағы совхозға да екі тігінші жіберілді.

Алайда, партия ұйымының жұмысында кемшіліктер де жоқ емес. Партия ұйымы кейбір бригадалар мен жемеленген тігіншілердің өндірістік тапсырмаларын орындауына әлі де жетісе алмай отыр. Тігіншілер арасындағы саяси жұмыс та өз дәрежесінде емес. Кейбір үгітшілер өздерінің жұмысына немқетті қарайды.

Артель партия ұйымы өз жұмысындағы кемшіліктерді іс үстінде түзеп отырады. Тігіншілер арасындағы саяси-бұқаралық жұмысты жақсарту арқылы оларды жаңа еңбек табыстарына жұмылдыра береді.

М. НҮРПЕЙІСОВ,

Облысымыздағы тың және тыңайған жерді игеру үшін мыңдаған патриоттардың келуіне байланысты, үкмет облыс еңбекшілеріне кино көрсету ісі үшін мол қаржы бөлді. Көзірдің өзінде 9 жаңа жылжымалы автокиноустановкалары, 6 тұрақты радиокиноустановка алынды. Быйылғы жылы облыстық кинопрокат бөлімшесі 13 жылжымалы автокиноустановкасын, 24 киноаппарат, 6 дала бригадалары жағдайында кино көрсетуге лайықталған палаткалар алды.

Совхоздар қызметкерлері кәсіпшілер одағының облыстық Советі көзірдің өзінде тың және тыңайған жерді игеріп жатқан трактор және дала бригадаларын қамту үшін 11 жылжымалы кино алды.

Село еңбекшілерін киномен қамтуда көптеген аудандық мәдениет бөлімдері елеулі табыстарға ие болды. Мәселен, Приешім аудандық мәдениет бөлімінің кино қызметкерлері село еңбекшілерін киномен қамтудың төрт айлық жоспарын 125 процент етіп орындады.

Дегенмен, барлық жерлерде еңбекшілерді киномен қамту ісі айтарлықтай емес. Бұған мысал ретінде Ленин ауданының мәдениет бөлімінің жұмысын алуға болады. Мәселен, бұл ауданда ай сайын 20 село мен ауылдың еңбекшілеріне кино көрсетілмейді. Ал, көктем егісінің қызу жүргізіліп жатқан кезеңінде 6 жылжымалы киноустановканың үшеуі түрлі бөгде себептермен пайдаланылмады.

Үстіміздегі жылдың төрт айының өзінде ғана мұнда жылжымалы киноустановка 80 экран-күн бос тұрды. Керек десе, аудандық мәдениет бөлімінде көктем егісі кезінде еңбекшілерді киномен қамтудың жоспары да жасалмаған.

налған үш машинаның небары біреуі ғана жұмыс істейді. Оның өзі де көп реттерде басқа жұмыстарға пайдаланылады.

Соколов, Совет және Ленин аудандық партия комитеттері идеологиялық жұмыстың бұл сыяқты маңызды участоғына басшылық жасауды естен шығарып отыр. Бұған бұл аудандық партия комитеттерінің бюроларында еңбекшілерді киномен қамту туралы бірде-бір рет мәселе қаралмағандығы толық дәлел бола алады. Сол сыяқты, жергілікті партия ұйымдары кинофильмдердің репертуарлық расписаниелерімен танысып отырмайды. Соның салдарынан көп реттерде еңбекшілерге саяси идеясы төмен, көркемдік дәрежесі нашар картиналардың көрсетілуі сыяқты фактілер кездесіп жүр. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы туралы фильмдерді еңбекшілерге көптеп тарату ісіне жеткілікті дәрежеде маңыз бермей жүрген партия ұйымдары да жоқ емес. Мәселен, Явленка селосында соңғы уақыттары ауыл шаруашылық тақырыптарына арналған кинофильмдерді көрсету мүлде сирек.

Еңбекшілерге кино көрсету ісін жолға қою — мемлекеттік зор маңызы бар іс болып табылады. Сондықтан, әсіресе, село еңбекшілерін киномен қамтуда кездесіп отырған кемшіліктерді жойып, еңбекшілердің адамдары үшін кино көрсетуді ойдағыдай және сапалы түрде жүргізу — жергілікті партия, совет және мәдениет-ағарту ұйымдарының бүгінгі таңдағы маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

М. АВЕРИН,

Облыстық «Кинопрокат» бөлімшесінің бастығы.



Облысымыздағы жаңадан ұйымдас тырылған совхоздарға тың және тыңайған жерлерді игеруге келгендерді қамту үшін вагон-дүкен жіберілген. СУРЕТТЕ: Маленков атындағы астық совхозының орталық орамына орнатылған вагон-дүкен. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Малды жазды күндөрү багып күтүдү үлгілі ұйымдастырайык!

МАЛДЫ ҚОЛДА ЛАГЕРЬЛЕП ЖАЙЫП БАҒУ

Сыйыр малын жазда, қолда лагерьлеп жайып бағу жақсы нәтиже береді және сыйырлардың сүттілігін тез арттыруға көмөттеседі. Мысалы, Алматы облысының Мичурин атындағы колхозының асыл тұқымды мал фермасында 1950 жылы, сыйырларды жазда қолда лагерьлеп жайып бағуға көшкенге дейін, орта есеппен әр сыйырдан — 2.742 килограмнан, ал, 1952 жылы лагерь жағдайында бағуға көшкеннен кейін әр сыйырдан — 3.076 килограмнан, келесі жылы — 3.331 килограмнан сүт сауылды. Осы сауылған сүттен 1.757 килограмм сүт (52 проценти) май — октябрь айлары арасындағы мерзімде сыйырларды көк шөппен және сулы жемшөппен азықтандыру есебінен алынды.

Сауын малды өсіру ісін дұрыс ұйымдастыру оларды жыл бойына бірқалыпты азықтандыруды талап етеді. Өсімдіктер өсетін кезеңде, табиғи жайылымдықтардың маусым сайын өзгеруіне қарамастан, малды көк шөппен және сулы азықпен үздіксіз қамтамасыз ету қажет, ал, қыста азықтандыруды сулы азық және жаяғы шөп беру жолымен жаяғы азықтандыру дәрежесіне жеткізу керек.

«Малды қолда лагерьлеп жайып бағу» дегеніміз жемшөп өндіруді ұйымдастыру — жердің әр гектарынан жемшөпті көп алу, табиғи жайылымдықтар мен шабындықтарды жақсартып, дұрыс пайдалану және осының негізінде малдың өнімді және беруін және төлден өсуін қамтамасыз ететіндей дәрежеде малды тиімді азықтандырып, бағуды ұйымдастыру деген сөз.

Табиғи жайылымдықтар, көп реттерде, малды көк шөппен және сулы азықпен дыра алмайды. Шөптің басым көпшілігі жазда қурап кетеді, шөптер қатайып, малға жұғымдылық сапасы төмендейді. Мал қажетті мөлшерде қоректі затты алмағандықтан өнім беруді кемітеді.

Табиғи жайылымдықтар мен жемдік дақылдар өгісін кезектестіріп пайдалану ісін дұрыс ұйымдастыру жолымен малды көктемнің басынан күздің аяғына дейін жас көк шөппен үздіксіз және бірқалыпты азықтандыруды қамтамасыз ету қажет.

Жемшөп өндіруді ұйымдастырудың мұндай жүйесі көк шөп конвейері деп аталады. Көк шөп конвейерін шаруашылық және табиғи жағдайларға байланысты әртүрлі ұйымдастыруға болады.

ТӘУЛІГІНЕ ӘР МАЛҒА БЕРІЛЕТІН ҚАЖЕТТІ КӨК ШӨП МӨЛШЕРІ:

Малдың топтары	тәулігіне берілетін шөп, килограмм есебімен
Бұқаларға	40—50
Тірілей салмағы 400—500 килограмм сыйырларға	
а) суалған буаз сыйырларға, тұмсаларға және 8 килограммға дейін сүт беретін сыйырларға	35—45

Табиғи жайылымдықтары аз шаруашылықтарда көк шөп конвейері әртүрлі жемдік дақылдар егу есебінен жасалады.

Мақта егетін оңтүстік аудандарда мал, әдетте, колхоздың егістері орналастырылған негізгі учасқотерде емес, отардағы учасқотерде (Сырдарияның және басқа өзендердің су жайылатын тоғайларында немесе далалы және тау бауырындағы учасқотерінде) бағылады. Қысқы мерзімге қамыс, қыздымыя, өлең шөптер немесе басқа сапасы төмен шөптер дайындалады.

Қысқы көктемгі маусымда едәуір арықтап шыққан сыйырлар жаппай бұзаулай бастайды. Бұл жағдайларда сыйырлар көп болғанда 3—4 килограмнан ғана сүт бере алады. Бұдан кейін көктемгі жайылымдықтарда сауын сыйырлар едәуір қонданып, сүтін арттырады, бірақ малдың қондануы июльде, жайылымдықтардың шөбі қурай бастаған кезде тоқталады, сойтіп, мал тағы арып бастайды, сыйырлардың сүттілігі тағы да кемиді.

Малдың сүттілігін шұғыл арттыру үшін сыйырлардан сүт сауу жөнінде жоспарланған тапсырмалар, төлдердің салмағының артуы, әрбір шаруашылықтағы жемшөптің қажеттігі жөнінде жоспарланған тапсырмалар негізге алынып, ауыспалы егіс танаптарында және көкшөп конвейерлерінде өсірілетін жемшөп дақылдарының түрін, егілетін көлемін және егудің мерзімдерін белгілеу және жеке дақылдарды өсіп тұрған күйінде пайдалануды ескеріп, малды бұл жемшөптермен азықтандырудың жоспарын жасау керек.

Жемшөпті үздіксіз өндіруге вегетациялық мерзіммен себу мерзімдері әртүрлі дақылдарды іріктеп алу арқылы жетуге болады. Жемдік дақылдардан мол өнім алуды, жемшөптің өзіндік құнын кемітуді қамтамасыз ету қажет.

Орта есеппен көк шөппен азықтандыру мақта егетін оңтүстік аудандарда 200—210 күнге, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының қалған аудандарында — 180 күнге есептелуге тиіс.

Малдың әртүрлі топтарына қажетті көп шөптің есебін жасау үшін мынадай шамалы нормативтерді негізге алуға болады:

Дақылдардың аттары	себу мерзімі	пайдалану мерзімі	шамамен центнер есебімен бір гадан алынатын өнім
Үшінші рет шабылатын беде	өткен жылдардағы	августың екінші жартысы	163
Аңызға егілген жүгері	5/VII 10 VI	сентябрьдің бірінші жартысы	268
Могар		сентябрьдің бірінші жартысы	104
Төртінші рет шабылатын беде	өткен жылдардағы	сентябрьдің бірінші жартысы	60
Аңызға егілген жүгері	15/VII	сентябрьдің екінші жартысы	198
Асқабақ	28 IV	сентябрьдің екінші жартысы, октябрьдің бірінші жартысы	400
Қызылша (жапырақтарымен бірге)	—	сентябрьдің ортасы	160

ЕСКЕРТУ: 1) Көктемгі табиғи жайылымдықтардағы шөп көп болғанда және ол жазғы лагерьлерге жақын болғанда малды августа, сентябрьде, октябрьде азықтандыру үшін шөпті май—июльде сүрлеу ұсынылады.

2) Қант қызылшасы егілген шаруашылықтарда июль-августа анадық малды тұқым жыйналғаннан кейін қалған қызылшамен азықтандыру керек.

Көкшөп конвейерінің 2-інші схемасы

Дақылдардың аттары	себу мерзімі	пайдалану мерзімі	шамамен центнер есебімен бір гадан алынатын өнім
Қара бидай және сыйыржоңышқасы	сентябрьдің бірінші жартысы	апрельдің екінші жартысы	180
Аралас эспарцет астық тұқымдас шөп	өткен жылдардағы	апрельдің аяғы, майдың басы	200
Аралас беде астық тұқымдас шөп	өткен жылдардағы	майдың бірінші жартысы	240
Сыйыржоңышқамен сұлы араластырылған шөп	марттың аяғы, апрельдің басы	майдың бірінші жартысы	150
Судан шөбі	апрельдің бірінші жартысы	июньнің бірінші жартысы	300
Аралас эспарцет астық тұқымдас шөп I-ші жылғы	апрельдің бірінші жартысы	июньнің екінші жартысы	100
Беде аралас астық тұқымдас шөп, I-ші жылғы	апрельдің бірінші жартысы	июньнің екінші жартысы	150
Аралас эспарцет астық тұқымдас шөптердің екінші шабылғаны	өткен жылдардағы	июньнің екінші жартысы	100
Беде аралас астық тұқымдас шөптердің екінші шабылғаны	өткен жылдардағы	июльдің басы	150

Мал шаруашылығы—мол табысты шаруашылық

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» тарихи қаулысын бүкіл еліміздің еңбекшілерімен бірге Тоқшын совхозының коллективі де зор қуанышпен қарсы алды. Коллектив мүшелері Пленум қаулысына жауап ретінде мал басын көбейту, одан алынатын өнімді арттыру жөнінде көтеріңкі міндеттемелер қабылдаған болатын. Қазіргі уақытта олар алған міндеттемелерін аброймен орындау жолында қажырлы еңбек етуде.

Біздің совхоз өнімді мол беретін асыл тұқымды мал өсіретін үлгілі шаруашылыққа айналуда. Сауын сыйырлар түгел дерлік қырдың қызыл тұқымды сыйырлары. 1950 жылы әрбір сауын сыйырдан 2005 литрден сүт алынса, 1953 жылы 2900 литрден сүт алдық. Бұған біз сыйырлардың күтімін жақсартып, оларды қунарлы азықпен азықтандыру арқылы жетістік. Малды бағып күту, азықтандыру жұмысы тек қана зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сәйкес ұйымдастырылды. Сыйырлар жарық, құрғақ қораларда күтіліп, олар соңғы үш жыл бойы концентрат, сүрленген азық, табиғи шөп, жемісті өсімдіктермен қажетінше азықтандырылып келеді.

Совхозда мал басы төл есебінен жыл сайын көбейде. Быйыл жыл аяғында бізде сыйыр саны 700 болса, 1955 жылы 850 басқа жеткізу жоспарланған отыр. Алынған төлдерді аман сақтау жөнінде барлық шаралар қолданылып келеді. Төлдер жылы, жарық әрі таза үйлерде күтіледі. Оларға минералды азықтар беруді ұйымдастырдық. Төл күтуге өз ісіне жауаптылықпен қарайтын адамдар бөлінді. Мәселен, комсомолка Вера Энес өткен жылы 134 бұзауды шығынсыз өсірді, жыл бойына орта есеппен әр бұзаудың тәуліктік салмақ қосуын 767 граммға жеткізді. Быйыл оның қарамағында 107 бұзау бар. Бәрі де аман, олардың көзін тәуліктік өсу салмағы 914 граммға жетіп отыр. Осы сияқты бұзаушы Евдения Лютая жолдас 1953 жылы 97 бұзауды шығынсыз өсіріп, олардың тәуліктік өсу салмағын 851 граммға жеткізді. Бұзаушылар А. Федосеева, М. Ненцова жолдас-тар да еңбекте зор табысқа ие болып жүр. Совхоз коллективі облыстың колхоздары мен совхоздарына жыл сайын асыл тұқымды малдарды көптеп сатуда. Біз колхоздар мен совхоздарға төлді 12—16 айлығында сатамыз. 1953 жылы 21 элитті, 59 бірінші класты, 20 екінші класты бұқа саттық. Мал тұқымын асылдандыру жөнінде ғылым жетістіктерін үнемі батыл қолданудамыз. Быйыл асыл тұқымды малдарды бұдан да көптеп сататын боламыз.

Мал шаруашылығының шұғыл өркендеуі тұрақты жемшөп базасын жасауға тікелей байланысты. Совхоздағы сыйыр сауатын 2 агрегат және бір қораға автоматты суарғыш орнаттамыз.

Барлық істің табысты болуын кадрлар шешеді. Совхоз кадрларын тұрақтандыруды, олардың бір жұмыстан екінші жұмысқа ауыспанын қарастырып келеміз.

Сөйтіп, жұмысшылардың мамандығын арттыруға, олардың өнімді еңбек етуіне жағдай туғызуда жете көңіл бөлеміз. Совхоз малшылары мен сауыншылары түгелінен зоотехникалық күресте оқыйды. Мал шаруашылығындағы адамдарға жыл сайын жанадан тұрғын үйлер салынады. Және меншігіне үй салушыларға көмек көрсетіледі. Мал шаруашылығындағы басшы кадрлар — зоотехниктер мен малдәрігерлері тәжірибесі мол адамдар. Аға малдәрігері Погуляев көп жылдан бері осы совхозда қызмет істеп келеді. Зоотехниктер Бранцев, Белбовский, Нуралин жолдас-тар да совхоздың мал шаруашылығы өркендей түсуіне көп көмек көрсетуде.

Біз быйыл жоспар бойынша орта есеппен әр сыйырдан 2900 литрден сүт алуымыз керек. Совхоз малшылары мен сауыншылары өз мүмкіншіліктерін есептей келіп, быйыл әрбір сыйырдан 3000 литрден сүт алуға міндеттенді. Өткен бес айда әр сыйырдан 1234 литрден сүт алдық. № 3 ферма (менгерушісі Овчинников жолдас) 1477 литрден, № 1 ферма (менгерушісі Жантілеев жолдас) 1329 литрден сүт алды. Совхоздың алдыңғы қатарлы сауыншылары ұлғайтылған міндеттемелер алып, оны орындау жолында аянбай еңбек етуде. Сауыншы Кокибаева әр сыйырдан өткен жылы 3200 литрден сүт сауса, быйыл 5 айда 1765 литрден сүт алды. И. Аметкова өткен жылы әр сыйырдан 3511 литрден сүт алса, быйыл 5 айда 1680 литрден сүт алды. Мұндай еңбек үлгісін көрсетіп жүрген озат сауыншылардың қатарында Г. Абдрашитова, Л. Лешкова, А. Васильева, А. Аметкова тағы басқалары бар. Сауыншылар сыйырларды саууды озат тәжірибе мен ғылым жетістіктерін шеберлікпен пайдалана отырып, алдағы уақытта бұдан да зор табыстарға жетеді.

Сауыншылардың адал еңбегінің нәтижесінде біз мемлекетке сүт тапсырудың айлық, тоқсандық тапсырмаларын үнемі асыра орындап келеміз. Жоспар бойынша өткен 5 айда мемлекетке 4546 центнер орнына 5647 центнер сүт тапсырылды.

Қоғамдық малға 56 мың центнер шөп, 14600 центнер тамыр жемісті өсімдік, 600 центнер картоп, 40 мың центнер сүрленген азық, 16800 центнер концентрат дайындаймыз. Бұл малдарды жыл бойы азықтандыруға жетеді.

Быйыл бірінші рет көкшөп конвейерін ұйымдастырамыз. Ол үшін 336 гектар жерге сұлы мен могар шөбі егіліп, оның әрбір гектарынан 45 центнерден өнім алу жоспарланды. Әрбір сауын сыйыра кү-

- сыйырларға
- в) 14—16 килограмм сүт беретін сыйырларға
- г) 18—20 килограмм және онан артық сүт беретін сыйырларға
- д) бір жастан асқан малға
- е) бір жасқа дейінгі төлдерге

45—55
55—65
65—70
30—35
18—20

Мақта егілетін оңтүстік аудандарда малды қолдан азықтандыруға көшу себептерінің бірі, басқа жерлерден әкелінген тұқымдық малды сақтаудың қажеттігінел туып отыр; табиғи жайылымдықтарда жайып баққанда бұл малдардың 70—80 проценті шығын болады, өйткені бұл жайылымдықтарда гемоспоридиоз ауруын тарататын кенелер өте көп болады.

Жасанды жайылымдықтарда бағудың хаули онан едәуір кем, бірақ профилактикалық шаралар — малды шомылдыру, кенелердің жабысуынан қорғайтын химиялық ерітінділермен малдың денесін жуу жұмыстары мұнда да жүргізілуге тиіс. Малды бойын жаздырмай тек қорада ұстау оның организмін әлсіретеді және оларды әртүрлі індеттерге төзімсіз етеді. Сондықтан малды қолда лагерлеп жайып бағуды қолданғанда малды тәулігіне 6—8 сағат табиғи және жасанды жайылымдықтарда бағу керек. Мұны істеу мүмкін болмаған жерлерде малды белгілі бір жолмен айдап өту қажет. Мұны, әсіресе, төлге көбірек қолдану керек. Бұзаулар жайып бақпаса, дене құрылысы нашар бөлініп өседі, жазғы ыстықтан арбылды, өйткені, олардың жүрегі мен өкпелерінің қызмет етуі төмендейді.

Бірдатар тәжірибелер мен байқаулар мынаны көрсетті: малға беде-күнжара

азықтар берілетін болғанда, мал сөз жоқ, біржақты азықтандырылады және оның азығында белоктар өте көп болады, ал бұл жазғы ыстықта малға зиянды әсер етеді.

Оңтүстік аудандар үшін бедені бидаймен және басқа астық тұқымдас дақылдармен араластырып егудің, әспарцет егудің орасан зор маңызы болуға тиіс. Мұнымен бірге, жазғы көкшөп конвейерінің әртүрлі болуы үшін, сол сыяқты, қысқа азық ретінде сүрлеу үшін бір жылдық шөптерді (судан шөбін, жүгеріні) егу өте қажет. Сауын малы азықтандырылатын жемшөп рационасына құрамында (малға тәулігіне берілетін азық мөлшері) жеңіл еритін көп көмір сутегі бар малазығындық қызылша мен қант қызылшасын, бақша дақылдарын (малазығындық қарбыз, асқабақ) қосудың тек малдың өнімін арттыру үшін ғана емес, сонымен бірге малдың ден саулығын сақтау үшін де аса зор маңызы бар.

Қазақстанның оңтүстік облыстарының жағдайына бейімделген В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалының жемшөп және жайылымдықтар институты озат шаруашылықтардың тәжірибесі негізінде жасаған көкшөп конвейерінің мынадай екі схемасы ұсынылады:

І-інші схема

Дақылдардың аттары	себу мерзімі	пайдалану мерзімі	шамамен центнер есебімен бір гадан алынатын өнім
Табиғи жайылымдықтардың шөбі	—	май	—
Қара бидай	өткен жылы күзде	июнь	260
Сулы немесе судан шөбі	10/V	июнь	2 рет шапқанда 82
Беде, таза күйінде немесе тарғақ шөппен араластырғанда	өткен жылдардағы	июнь	180
Бірінші рет шапқанда	—	июль	280
Бірінші мерзімдегі жүгері	10/V	июль	150
Екінші рет шабылатын беде	10/IV	июль	200
Чумиза және беде	10/IV	июль	140
Чина және сұлы	—	августың бірінші жартысы	168
Екінші мерзімдегі жүгері	1/VI	августың бірінші жартысы	100
Судан шөбінің алшыны	5/V	августың бірінші жартысы	80
Үшінші рет шабылатын беде	өткен жылдардағы	августың екінші жартысы	163
Үшінші мерзімдегі жүгерісі	15/VI	августың екінші жартысы	104
Могар	10/VI	—	—

алшыны
Аралас әспарцет астық тұқымдас шөптердің екінші шабылғаны,
I-ші жылғы
—
Беде аралас астық тұқымдас шөптердің екінші шабылғаны
I-ші жылғы
—

Аралас әспарцет- астық тұқымдас шөптердің үшінші өткен жылдардағы шабылғаны
—

Беде аралас- астық тұқымдас шөптердің үшінші өткен жылдардағы шабылғаны
—

Судан шөбінің екінші алшыны
—
Аралас әспарцет астық тұқымдас шөптердің үшінші шабылғаны,
I-ші жылғы
—

Беде аралас -астық тұқымдас шөптердің үшінші шабылғаны, I-ші жылғы
—

Беде мен әспарцет аралас шөптердің төртінші шабылғаны
өткен жылдардағы

Аңызға егілген жүгері 15—20 июль

Судан шөбінің үшінші алшыны
—

Аралас шөптердің төртінші шабылғаны, I-ші жылғы
—

Аңызға егілген жүгерінің ерте шапқаннан кейінгі алшыны
—

Қызылша (жапырақтарымен бірге)
—

Көкшөп жайылымы, аралас шөптердің 4 және 5 рет өткен жылдардағы шабылуы
—

Судан шөбінің төртінші алшыны
—

Мал азығына арналған асқабақ және қант қызылшасы
—

Бірінші схема тау етегінде және өзен алаңтарындағы табиғи жайылымдықтары бар жерлерде қолдану үшін ұсынылады.

Екінші схема табиғи жайылымдықтары әдетте пайдаланылатын негізгі жер учас-токтерінен алыста орналасқан және оңтүстіктің мақта егетін аудандарының жағдайына сәйкес келеді. Бұл жайылымдықтар сауын сыйырларды жаюға жараммайды. Көкшөп конвейерінің схемалары әрбір шаруашылықтың жағдайына бейімделіп жасалуы керек.

Оңтүстікте малды климат жағдайларына сәй келетін қоралармен қамтамасыз ету мәселесінің зор маңызы бар.

Малдарды күннің ыстығынан қорғау өте қажетті іс, кейбір шаруашылықтар-

июльдің ортасы 70

июльдің аяғы 100

августың басы 60

августың басы 80

августың ортасы 100

августың аяғы 60

сентябрьдің басы 80

сентябрь—октябрьдің басы 200

сентябрьдің ортасы 80

сентябрьдің ортасы және аяғы 60

сентябрьдің басы және ортасы 40

сентябрьдің ортасы 500

сентябрьдің аяғы 40

октябрь 60

октябрь—ноябрь 500/400

да малды күннің ыстық мезгілінде биік, жақсы желдеткіні бар қысқы сыйыр қораларында ұстауға болады. Мал бойып жазатын алаңдарда жан-жағы ашық жел соғып тұратын, автоматтық суарғышпен жабдықталған жаппалар жасау өте қолайлы болады.

Мал әрқашан таңертең, кешке және түнде ашық ауада болуға тиіс.

Сыйыр малын қолда лагерлеп жайып бағу жүйесін енгізгенде бұл әдістің малдың организмне әсер етуінің барлық жағы ескеріліп, ол шаруашылық үшін экономика жағынан қолайлы болатындай болып жасалуы қажет.

Т. ТАВИЛДАРОВА,

Ауылшаруашылық ғылымының докторы.

ше азықтандырып отыру керек.

Біздің совхозда жемшөптің бәрік қорын жасауға толық мүмкіншіліктер бар. Совхозда шөптаналты ауыспалы егіс енгізіліп, ол жете меңгерілуде. Таянптарда көпжылдық екпе шөп, арпа, сұлы, беде, жоңышқа, могар, судан, қызылша және басқа жемшөптік дақылдар өсіріліп келеді.

Ауыспалы егіс жүйесін дұрыс сақтағанда өсімдіктің мол өнім беретіндігін жыл сайынғы тәжірибемізден көріп келеміз. Быйыл мал азығына арнап 1775 гектар сұлы мен арпа ектік. Оның әрбір гектарынан 16 центнерден өнім алмақпыз. 1254 гектар жерге біржылдық екпе шөп және сүрленетін дақыл егілді. Сүрленетін дақылдың гектарынан 130 центнерден өнім алу жоспарланды. 1000 гектарға жуық көп жылдық шөп бар. Оның гектарынан 15 центнерден өнім аламыз. Шөп шабу және шөп сүрлеу жұмыстарына барлық жағынан әзірміз. Шөп сүрлеу үшін шұңқырлар жаңадан қазылып, сыйымдылығы 500 тонналық жаңадан бес шұңқыр қазылды және ескі шұңқырлар тазартылды.

Совхоз механизаторлары мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін ауыр жұмыстарды толық механикаландыру жолында аянбай еңбек етуде. Совхозда үш ферма болса, еңбекті көп қажет ететін негізгі жұмыстар механикаландырылды. 5 сыйыр қорасында аспалы жол, электр қуатымен сыйыр сауатын 3 агрегат және бір қорада автоматты суарғыш жұмыс істейді. Быйыл үш қорада аспалы жол,

қунарлылығы жақсы сыйырлардың барлығы да қолдан ұрықтандырылады. Бұқалардың барлығы да асыл тұқымды. Совхозда мал басы төл есебінен жылдан-жылға көбейуде. Бізде жоспар бойынша жыл аяғында 2200 қара мал болса, көзір қара малдың қолда бары 2393 бас.

Совхоз шөпқа өсіруде айтарлықтай табыстарға ие болуда. Көзір 600 бас орнына 785 бас шөпқа өсірілді. Быйыл алынған торайлардың бірде-бірі шығынға ұшыраған жоқ. Бұл, шөпқа өсірушілердің жемісті еңбегінің нәтижесі. Кирилова жолдас өткен жылы әрбір мегежінен 24 торай алғанды. Ол быйыл да жоғары көрсеткішке ие болды.

Барлық фермаларда құрылыс бригадасы ұйымдастырылып, ол бригадалар құрылыс жұмыстарын үлгілі жүргізуде. Бригада мүшелері ескі қораларды жөндеумен бірге, жаңадан бір бұзау тұратын және 1000 құс сыйатын үй салу жұмыстарын жүргізуде.

Бұл айтылғандардың барлығы да совхоз коллективінің СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысын жүзеге асыру жолында алғашқы қол жеткен табыстары ғана. Біз бұл табысты баянды етеміз және малды қысқы күндерде азықтандыру, күту, жазғы маусымда жайылымдарда бағу жұмыстарын үлгілі өткізу арқылы мал басын көбейтіп, оның өнімділігін еселеп арттыра түсеміз. Сөйтіп, совхозымызды рентабельді және үлгілі шаруашылыққа айналдырамыз.

М. МЕИРБЕКОВ,

Тоқшың мал совхозының директоры.

Қажырлы еңбек, игі нәтиже

Октябрь ауданындағы «Бірлік» колхозының мал өсірушілері ғылым жетістіктері мен озат малшылардың іс тәжірибелерін өз істеріне шебер қолдана отырып, мал басын көбейтуде айтарлықтай көрсеткіштерге жетісіп келеді. Өткен қыста олар малды қолда күтіп, бағуды ойдай-дай ұйымдастырды. Барлық мал қондылығына, жасына қарай бөлініп, жекелеген мал күтушілердің қарамағына бекітіліп берілді. Мал күтуге алдыңғы қатарлы, еңбек сүйгін және мал шаруашылығы білетін колхозшылар тағайындалды. Колхоз басқармасы мен бастауыш партия ұйымы мал өсірушілердің мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсарты отырып, қарауындағы малды жақсы күтіп, азықтандыруларына қажетті жағдайлар жасады, оларды еңбекке ынталандыра білді.

Мал өсірушілердің адал еңбектерінің нәтижесінде қыста малдың қоны төмендеуіне, індетке шалдығуына жол берілген жоқ. Сол сыяқты, мал шығыны да анағұрлым азайды. Малшылар аналық малдардың төлдеуі кезінде күні-түні бірдей жұмыс істеп, алынған төлдің бірде-бірінің шығынға ұшырамауына жетісті.

Міне, бұл еңбек өзінің игі нәтижесін берді де. Көзірдің өзінде колхозда 2269 қой, 697 сыйыр малы, 621 жылқы және 2000 құс бар. Бұл колхозда сыйыр малы мен құс өсірудің жылдық жоспары

көзірдің өзінде толық орындалды. Ал, қой жоспардан артық өсірілуде.

Мал өсірушілер малды көбейтумен бірге, оның тұқымын асыздандыру, сол арқылы өнімділігін арттыру ісіне ерекше назар аударып келеді. Мәселен, шөпандар барлық қойдың басым көпшілігін биязы және жартылай биязы жүнді қой есебінен өсіруге жетісті. Мұның өзі колхоздың быйыл мемлекетке биязы және жартылай биязы жүнді өткен жылдан анағұрлым көп беруіне мүмкіншілік туғызып отыр.

Бұл күндері мал өсірушілер малды жайылымдарда бағып семіртуде. Колхоз басқармасы зоотехниктер мен малшыларды қатыстыра отырып, малдарды жазғы жайылымдарда бағудың жоспарын жасады. Онда учасқотерді өнімді пайдалану жете ескерілді. Әсіресе, шөпандар Райымбеков, Бітіков, сыйыр малының бақташылары Нурманова, Сасыкова жолдасар жайылымдықтарды зоотехниктер мен мал дәрігерлерінің кеңесіне, озат малшылардың іс тәжірибелеріне сүйене отырып, тиімді пайдаланып жүр.

Колхоз мал өсірушілері мал шаруашылығын мол табысты шаруашылық сала-сына айналдыру мақсатымен қол жеткен табыстарын қажырлы еңбектерімен баянды ете береді.

**А. ТӨКЕНОВ,
А. ҒАББАСОВ,**

БАЛАЛАР ҚУАНЫШЫ



Бұрнағы күні мәдениет және тынығу парніне қала мектептерінің оқушылары жыйналды.

...Қалалық комсомол комитетінің секретары Щепина жолдас қала оқушыларын оқу жылын ойдағыдай аяқтауымен және жазғы каникулдерінің басталуымен құттықтап, сөз сөйледі.

Шығып сөйлеуші оқу озаттары Рима Мухамедалиева (№ 1 бастауыш мектептің 2 класс оқушысы), Вера Слива (№ 4 жетіжылдық мектептің 6 класс оқушысы), Тамара Левина (Ленин атындағы № 1 орта мектептің 5 класс оқушысы) оқу жылын ойдағыдай аяқтағандықтарын, жазғы каникулді де көңілді өткізіп, өткен

сабақтарды қайталап отыратындықтарын айтты.

Жыйналыстан кейін қалалық пионерлер үйі жанындағы көркемөнер үйірмесінің (жетекшісі Н. Осипова жолдас) күшімен концерт қойылды.

700-ден астам балаларға «Партизан балалары» атты көркемсуретті фильм көрсетілді. Ашық эстрадада артист П. Тукновтың басқаруымен болған концертке балалар көп жыйналды.

Балалар көңілді дем алып, қуанышпен тарасты.

СУРЕТТЕ: Пионерлер үйі көркемөнер үйірмесінің хоры ашық эстрадада. Суретті түсірген Ю. Пастухов.

Бір кездесудің тарихы

Жуырда Донбастағы Васильевка поселкесіндегі бір үйдің жанына жеңіл автомобиль желін тоқтады. Одан басына тақия киген қара торы жігіт шықты да, ентелей басын үйге қарай жүрді. Бейбіт алдына белтенде еман басына ақ қыйықна тартқан, оңи күш шалып, жел қаққан орта жастағы бір әйел қарсы шықты. Ол желден қорқада қадала жарал тұрды да, желнет ұмтылып, күшақтай алды. Олардың екеуі де көмсендесіп, жылап жіберді.

Осы кездесудің тарихын баян етейік.

1942 жылы жаз, гитлерлік әскерлердің Донбасқа жағталаса шабуыла жасап жатқан кезі еді. Совет батальоны қатты ұрыс жүргізді. Лисичанскі мен Верхнесні қорғаған бүкіл батальоннан бірнеше ондаған жауынгерлер ғана қалды. Ворошиловградқа бұзын өту ұйғарылды. Жауынгерлер Донецпен өтіп, күндіз орманға жасырынып, түнде ілгері қарай жүріп отырды. Олар Ворошиловградқа жеткенде, қаланы жаудың басып алғандығы анықталды. Отряд жаудың қоршауында қалып қойған. Еңі партизандық күрес жүргізу

лардан жасырын сақтап, оны қамқорлықпен бағып, күтті.

1943 жылғы февральда совет жауынгерлері Ворошиловград облысының солтүстік аудандарын азат етті. Масловтар партизанының партиялық билетін жасырын қойған жерінен ашып алып, жаралы жауынгерді жылы киіндірді де, госпитальға апарып салды. Жаралы жауынгер шахтердің семьясына сансыз алғыс айтып, олармен жылап айрылысты.

Масловтар бұдан кейін өздері аман алып қалған адамды кездестіре алған жоқ.

Олар он жылдан артық уақыт өткеннен кейін табысты. Қазақ ақыны Жумағали Салин Қазақстан Совет жазушылары одағының делегациясы құрамында Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын тойлауға Киевке келген еді. Ол мұндағылардан Масловтардың семьясын табуға көмектесуді өтінді.

Міне, ол іздеген семьясын тапты. Оны қарсы алған Фрося еді. Қошақтың келетінін естіп, Прасковья Михайловна да үйіне

Тоқшын совхозында

★ Құрылысшылардың қажырлы еңбегі

Совхозда құрылыс жұмыстары басталып, құрылысшылар жұмысқа қызу кірісті. Мұнда барлығы үш құрылыс бригадасы ұйымдастырылды. Оларда 48 адам жұмыс істейді. Безбородов, Гнездилов және Шопырев жолдастар басқарған құрылысшылар бригадалары көздің өзінде стандартты төл үйінің, күс қорасының, оwoць қоймасының құрылысын қызу қарқынмен жүргізуде. Мұнда 200 бас бұзауды, 100 бас сыйырды жазды күндері лагерлеп бағу үшін қора салынып жатыр.

Құрылысшылар бригадалары құрылыс материалдарымен қамтамасыз етілген. Жаңа құрылыстар салу үшін 1260 текшеметр қайың, 160 текшеметр қарағай ағашы, 40 текшеметр тақтай және 140 текшеметр тас дайындалған. Төбе жабатын материалдар да жеткілікті.

Жаңа оқу үйі

Совхоз орталығында кітапхана жұмыс істейді. Мұнда 5 мыңнан астам түрлі саяси, ауыл шаруашылығы туралы және әдебиет кітаптары бар. Мұндағы кітап қоры үздіксіз артуда. Үстіміздегі жылы жаңадан 500 дана кітап сатып алынды. Әрбір фермада жылжымалы кітапхана ұйымдастырылған. Мұның өзі совхоз жұмысшыларының өздері тілеген кітапты үнемі алып оқып тұруына мүмкіндік береді. Көзір кітапхананың жалпы кітап оқушыларының саны 1 мың адамнан асады. Кітапхана меңгерушісі Афанасьев жолдас кітап оқушылардың тілегіне сай жұмыс істеп келеді.

Жуырда № 2 фермада жаңа оқу үйі ашылды. Ол кең, жарық үйге орналастырылып, безендірілген және қажетті мебельдермен, түрлі кітаптармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілген.

Ауыр жұмыстарды механикаландыру

Совхозда мал шаруашылығы төл есебінен үздіксіз өсіп, оның өнімділігі де арта түсуде. Осыған байланысты фермалардағы адам күшін көп керек ететін ауыр жұмыстарды механикаландыру жөнінде жыл сайын көп шаралар жүзеге асырылуда. Бұрын мұнда 5 сыйыр қорасында аспалы жол, 300 сыйырды электр қуатымен сауатын 3 агрегат, 100 бас малды сауаратын автоматты суарғын жұмыс істейтін. Ал, үстіміздегі жылы жаңадан 3 сыйыр қорасына аспалы жол, 200 сыйырды сауатын 2 электр агрегаты және автоматты суарғын орнатылмақ. Бұлардың кейбіреулері көздің өзінде сатылып алынып, орнатыла бастады.

ЖАҢА ТЕХНИКА

Совхоздың ауыл және мал шаруашылығы жыл санап өркендеп, шаруашылығы нығайып келеді. Ауыл шаруашылығы үшін совхоз жыл сайын көптеген ен жаңа машиналар алуда. Үстіміздегі жылдың өткен 5 айы ішінде ғана 2 «ДТ—54» тракторы, бір «Сталинец—6» қамбайны

Женева кеңесінің төңірегінде

ЖЕНЕВА, 4 июнь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Мұнда мәлім болғанындай, тоғыз делегацияның бүгінгі мәжілісінде Қытай Халық Республикасы мен Вьетнам Демократиялық Республикасы делегацияларының ұсыныстарында айқын бейнеленген мәселелер онан әрі талқыланған. Совет делегациясының көрсеткеніндей, бұл ұсыныстар жөніндегі дискуссия: қандай пункттер жөнінде көзқарастың жақындасып отырғанын, ал қандай пункттер жөнінде алшақтық бар екенін анықтап берген. Келісімге қол жетпеген мәселелер қатарына, ең алдымен Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімнің орындалуына тиісті халықаралық бақылау қою туралы және бұл мақсатпен бейтарап мемлекеттердің бақылау жөніндегі комиссияны құру туралы мәселе жатады. Жұртқа мәлім, совет делегациясы мұндай комиссияны Польшаның, Чехословакияның, Индияның және Пакистанның өкілдерінен құруды ұсынған болатын. Кейбір делегациялар бұл ұсынысқа қарсылық білдірген. Олар, атап айтқанда, халықаралық комиссияның мұндай құрамы қолайлы емес, өйткені Польша мен Чехословакияны бейтарап мемлекеттер деп қарауға болмайды-мыа деген пікір айтқан. Мұндай көзқарас идеологиялық пікірлермен немесе әлеуметтік системалардың түрліне екендігімен дәлелденген. Бұған байланысты совет делегациясы былай деп көрсеткен: егер мұндай көзқарасқа сүйенетін болсақ, онда оны дәйектілікпен жақтап, капиталистік мемлекеттердің де бейтарап мемлекет бола алмайтындығын мойындау керек. Ал оның бер жағында, БҰҰ-ның және оның Хауіпсіздік Советі, Экономикалық және Әлеуметтік Советі сияқты органдарының, сондай-ақ халықаралық соттың құрылуы экономикалық және саяси системалары әртүрлі мемлекеттердің өкілдері қатыстырылатын принципке негізделген.

Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімнің орындалуын бақылау үшін БҰҰ комиссиясын құру мүмкіндігі жайында дискуссияның барысында айтылған пікірге байланысты совет делегациясы БҰҰ-ның Женева кеңесіне ешқандай қатысы жоқ екендігін және жоғарыда көрсетілген мақсатқа оның тіпті де сай келмейтіндігін, өйткені бұл ұйымда 500 миллион халқы бар бейбіт Қытайдың заңды праволармен пайдаланбай отырғандығын КХР мен Вьетнам Демократиялық Республикасы делегацияларының бұған дейін көрсетіп бергенін еске салған. Көзірі кеңеске қатысушылардың ішінде БҰҰ-ға мүше емес мемлекеттер бар. Ал оның бер жағында, халықаралық комиссияда бұл мемлекеттермен дипломатиялық қатынастар жасап отырған елдердің болуға тиіс екендігі күмәнді. Бұдан туатын қорытынды сол, Польша мен Чехословакия сияқты елдер келісімнің орындалуын бақылайтын халықаралық комиссияның құрамында болуға тиіс.

Дискуссияның барысында алауыздық байқалған басқа бір маңызды мәселе соғысушы екі жақтың өкілдерінен аралас комиссиялар мен бейтарап мемлекеттер аралас комиссиялардың да, сондай-ақ бейтарап елдер комиссиясының да жұмысын қыйындатқан болар еді. Істің мүдделері екі комиссияның өз жұмысын сыйкестендіріп, келісе отырып жұмыс ітетуі, бірақ бірінші біріне бағынатын болмауын талап етеді.

Совет делегациясы бейтарап комиссияның ғана емес, сонымен қатар соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімнің шарттарын орындау үшін зор жауапкершілік жүктелетін аралас комиссиялардың да маңызды ролін атап көрсеткен, өйткені, екіжақтың арасында тууы ықтимал алауыздықтарды жою ісінде дәл осы екіжақтың арасында келісім болуының шешуші маңызы бар. Ал мұның өзі жоғарыда көрсетілген келісімді орындауда әрбір жаққа көмектесуге тиіс болатын бейтарап мемлекеттер комиссиясының ролін тіпті де кемітпейді.

Совет делегациясы бейтарап мемлекеттер комиссиясы жұмысының көлемі қандай болуға тиіс, бақылау тек Вьетнамға ғана жасалуға тиіс не немесе Патет-Лао мен Кхмерге де жасалуға тиіс деген мәселе жөнінде өз пікірін айтты. Егер Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру міндеттерін тұтастай алып қарайтын болсақ, деп көрсеткен совет делегациясы, —ал Женева кеңесінің алдында дәл осындай міндет тұр, — онда бұл комиссияның жұмысын Вьетнаммен ғана шектеуге болмайды. Патет-Лао мен Кхмерде ойдағыдай бақылау болмауы бұл мемлекеттердің территориясында сырттан әкелініп жатқан қару-жарақ пен әскерлердің жыйнақталуына, ал мүмкін, тіпті шетелдік соғыс базаларының құрылуына әкеліп соқтырған болар еді, мұның өзі Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімнің орындалуына хауіп төндіріп, соның салдарынан бұл ауданда зорлықтың қайта басталу қатері тудырылған болар еді. Бұған байланысты СССР делегациясы 8 майдағы француз ұсыныстарында Вьетнам үшін де, сондай-ақ Лаос пен Камбоджа үшін де бірдей халықаралық бақылау қойылатындығы айтылғанын еске салған.

Өз позициясын түсіндіре келіп, совет делегациясы, Женева кеңесіне қатысушылардың бұл мәселедегі позициясы әлі толық келісімгегі болса да, дегенмен бейтарап мемлекеттердің комиссиясын құру туралы мәселе жөнінде келісімдерге жетуге қажетті шарттар бар деген қорытындыға келген.

Екі жақ территорияларды реттеу үшін және бұған байланысты басқа мәселелер жөнінде келіссөздер бастауға тиіс деп көрсеткен КХР делегациясының ұсынысына тоқтай келіп, совет делегациясы бұл жөнінде көзінді өзінде ілгері қадам жасалды деп атап көрсеткен. Жұртқа мәлім, екі жақтың командованиелері өкілдерінің кездесуі туралы келісілген қарар қабылданып, олардың әскери өкілдері көзінді өзінде осында, Женевада байланыс жасай бастады.

Дискуссияның барысында француз делегациясы бейтарап мемлекеттер комиссиясының міндеттері және оның аралас комиссиялармен өзара қатынастары туралы

алады. Бұл жағдай осындай болғандықтан, бейтарап комиссиядағы, сондай-ақ аралас комиссиялардағы алауыздықтар туралы мәселенің, егер бұл комиссиялар осы алауыздықтарды жою алмаған күнде, көпшілік берген елдердің алдына қойылуға тиіс екендігі өзінен-өзі түсінікті. Ал көпшілік беруші бұл елдер, бейтарап комиссиядағы немесе аралас комиссиялардағы алауыздықтардың қатты шиеленісуі ықтимал болған күнде, коллективтік шаралар қолдануға тиіс.

Қолда бар мәліметтерге қарағанда, бүгінгі мәжілісте ағылшын делегациясы аралас комиссияларды екі жақтың командованиелерінің өкілдерінен құрудың қажеттігін мойындаған. Бірақ, ағылшын делегациясының пікірінше, аралас комиссияларда туатын алауыздықтарды халықаралық комиссия шешуге тиіс.

Ағылшын делегациясы халықаралық комиссияның құрамы туралы мәселе жөнінде өзінің пікірін айтпай, бұл мәселемі жеке талқылауды ұсынған.

Мұнда мәлім болғанындай, ағылшын делегациясы халықаралық комиссия Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімге көпшілік беруші—Женева кеңесіне қатысушы елдердің қол астында болсын деген КХР делегациясының ұсынысын пайдалы деп тапқан. Ағылшын делегациясы тарапынан бұл мақсат үшін көпшілік беруші елдердің өкілдерінен тұрақты орган құру туралы пікір айтылған.

Франция делегациясының аралас комиссиялар құруды пайдалы деп тапқаны да атап көрсетілуде. Бірақ, бұл делегация соның өзінде бақылау жөніндегі халықаралық комиссия сияқты «арбитр» болуға тиіс деген шарт қойған. Француз делегациясының пікірінше, маңызды мәселелер халықаралық комиссияда қаралуға тиіс. Ал аралас комиссияларға, яғни, екі жақтың өкілдері болатын комиссияларға келетін болсақ, француз делегациясы олардың шешуіне маңызды шамалы мәселелерді беруді ұсынып, олардың ролін екінші дәрежеде қалдырған. Француз делегациясы аралас комиссиялар «өзінің не үшін құрылғанын ақтаған» күнде ғана, олардың міндеттерін ұлғайтуға болар еді деген пікір айтқан. Мәселені бұлайша түсіндіру, мұнда атап көрсетілгеніндей, француз жағының бүкіл жауапкершілікті толығымен халықаралық комиссияның қолына жыйнақтауға үміттеніп, аралас-комиссиялардың жұмысын қандай да болса сылтаумен сәтсіздікке ұшыратуына мүмкіндік берген болар еді.

Француз делегациясы, Англияның делегациясы сияқты, халықаралық комиссияның құрамы туралы мәселе жеке тәртіпін талқылансын дегенді жақтаған.

Соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімнің орындалуына халықаралық бақылау ұйымдастыру туралы мәселені қараған кезде кеңеске қатысушылар ресми емес түрде өзара пікір алысатын болсын деген ағылшын және француз делегацияларының тілектеріне совет делегациясының келіскендігі мәлім болды.

үлгілері. Қарғыз жігіті қаштан Фахрутдин Хайрутдинов отрядқа басшылық ету міндетін алды.

Сол жылы октябрде болған ұрыстардың бірінде қазақ жігіті, саяси жетекші Жұмағали Саниның көкірегіне оқ тиді. Оның жарасы жазылмай, ауруы ұзаққа созылып кетті. Оған қосымша суық тиіп, бойы қалшыдап жүре алмайтын халге жетті.

1943 жылғы январь айының бір түнінде екі партизан Михаил Алексеевич Масловтың аласа ғана үйінің терезесін қақты. Маслов қырық жылдан артық уақыт шахтада забойщик болып жұмыс істеген адам еді, бұл кезде ол Шенничний хуторында тұратын. Партизандар жаралы жолдасын осы қарт шахтердің семьясына табыс етіп, ішкері жүріп кетті. Қарт пен оның қыздары Фрося және Прасковья өз өмірлеріне қатерлі болатынына қарамастан, жаралы жауынгерді басқыншы-

жеткенше астықты. Ол «Горняк» совхозында бұзаушы болып істейді екен. Тек әкелері ғана жоқ. Ол соғыстан кейін қайтыс болыпты. Қуанышқа бөленген аналы-ейілілі екі әйел қонақты дастархандарың кең жайын қарсы алды.

— Мен сіздерді ешуақытта естен шығарған емеспін, бұрынғы тұрақтыңызға талай рет жаздым да, көп іздестірдім, бірақ таба алмадым, — дейді Жұмағали Сани. Ол өз өлеңдерінің Москвада, орыс тілінде басылып шыққан жыйнағын қалтасынан шығарды да, кітапты ашып: «Мені, жаралы партизанды, ажалдан аман алып қалған украин халқының ардақты қызы Ефросинья Михайловна Масловаға арнаймын» деген өлеңін оқып берді.

Ал. ИОНОВ.

ДОНБАСС.

Васильевка поселбесі.

(«Литературная газета» 3 июнь, 1954 жыл).

Паспорт туралы тәртіп қатаң сақталсын

Паспорт туралы 1953 жылғы 21 майдан бекітілген ереже үкіметіміздің совет адамдарына жасап отырған зор қамқорлығының бір түрі болып саналады. Бұл ереже бойынша қалада, аудан орталықтарында және қала типтес поселкелерде тұрушы ССРО-ның 16 жастан асқан азаматтары паспорт ұстауға міндетті. Бұл жерлерде бөлім командованиесі берген документі бар әскери қызметкерлер, 16 жасқа толмаған жас өспірімдер, емдеу орындарында емделіп жатқан адамдар, мүгедектер үйлерінде тұрушылар, сол мекемелер берген документі бар адамдар, түпкілікті тұрған жеріндегі селолық Совет берген анықтамасы бар селолық жерлердің тұрғын адамдары паспортсыз тұра алмайды.

Ауыл-селолық жерлердің тұрақты адамдары паспорт алмайды. Егер ауданнан тыс ССРО-ның басқа жерлеріне баратын болса, онда тұрған жерінде милиция органынан паспорт алуға тиіс. Тек үш күн мерзімге басқа жаққа кетушілер, санаторийге, демалыс үйіне, жыйналыстарға, сөзге, командировкеге уақытша барушылар паспорт алмайды. Олардың қолында селолық Советтен алған, қайда, қандай мақсатпен бара жатқандығы көрсетілген, куәлігі болуы қажет.

Паспорт мынадай мерзімдерге — мерзімсіз, он жылға, бес жылға және қысқа мерзімдерге берілетін болып белгіленген. Паспортты азаматтардың тұрған жеріне қарай милиция органдары — 40 жасқа толғандарға — мерзімсіз, 20 жастан 40 жасқа дейінгілерге — онжылдық, 16 жастан 20 жасқа дейінгілерге — бесжылдық мерзімге береді. Паспортты аларда азаматтардың қолында тұған жерін және жылын куәлендіретін документтері болмаса немесе паспортты жоғалтқан болса, онда ол азаматтарға уақытша паспорт беріледі.

Паспорт алушының ұлты оның әке-шешесінің ұлтына қарай жазылады. Егер

азаматтың әке-шешесі екі ұлттың адамдары болса онда паспортқа паспорт алушының қайсысының ұлтын жазызығын келсе, сол ұлт жазылады.

Паспортқа тек қана үй кітапшасына тіркелгендігі және тіркеуден шығарылғандығы жөнінде милиция органдарының, некеленгендігі және ажырасқандығы, бала туғандығы жөнінде ЗАГС орындарының, жұмысқа қабылданғандығы және жұмыстан шығарылғандығы туралы кәсіпорындары мен мекемелердің белгі қоюына болады. Бұл белгілер милиция органдары тағайындаған үлгі және мөлшер бойынша жасалған арнаулы штамптымен ғана қойылады. Паспортқа басқа қандай да болса белгі қоюға жол берілмейді.

Бір жерден екінші жерге 3 күннен артық мерзімге келген азаматтар, сол сияқты тұрған жерінде пәтерін ауыстырғандар, паспортты жаңадан айырбастап алғандар бір тәулік ішінде үй кітапшасына тіркелу үшін паспорттарын, болмаса паспорт орнына берілген документтерін милиция органдарына тапсыруға тиіс. Жергілікті жерге уақытша тұруға келгендердің, сол сияқты, паспорттың мерзімі қысқа азаматтардың уақытша тіркелуіне рұқсат етіледі.

Қалалық жерге, қала типтес аудан орталықтары мен поселкелерге келген азаматтар тіркелтіруге жауапты адамдар арқылы келгеннен кейінгі 3 тәулік ішінде милиция органдарында тіркелуге міндетті. Селолық жерлерге түпкілікті тұру үшін келгендер 7 тәулік ішінде тіркеледі. Ал, мұнда 30 күннен аспайтын мерзімге келсе тіркеуге тұрмай, селолық Советтің өсебіне тұрады.

Егер басқа жақтан келгендердің паспорттында бұрын тұрған жерінде тіркеуден шыққандығы жөнінде белгі қойылма-

ған болса, оларды тіркеуге рұқсат етілмейді. Сол сияқты, азаматтар тіркелетін үйдің көлемі санитарлық нормаға сәйкес келмейтін болса, онда түпкілікті немесе уақытша тұруға келген азаматтарды тіркеуге болмайды. Мұндай реттерде азаматтарды тек қана санитарлық бақылау орнының рұқсаты бойынша тіркеу керек. Милиция органдары тіркеуге қабыл алмаған азаматтар үш тәулік мерзім ішінде ол елді жерден кетуге міндетті.

Бір елді жерден екінші елді жерге түпкілікті тұруға немесе бір ай жарымнан аса мерзімге уақытша тұруға кететін азаматтар (командировкеге, демалысқа, емделуге баратындардан басқалары), міндетті әскер қызметіне шақырылғандар жүрер алдында, сол елді жердің өзінде пәтер ауыстырғандар үш тәулік ішінде тіркеуден шығады. Қайтыс болғандарды қайтыс болғандығын тіркегеннен кейін, сотталғандарды — үкім заңды күшіне кіргеннен кейін тіркеуден шығару қажет.

Паспортты қолдан жасауға, басқаның паспорттымен пайдалануға болмайды, ондай адамдар бас жауапкершілігіне тартылады.

Паспорт туралы жаңа ереженің жарыққа шығуы азаматтарға паспорт ауыстыру, жаңа паспорт беру, тіркеуге алу және тіркеуден шығару мәселелерімен еңбекшілерді деркезінде және тыңғылықты қамтып отыру жөнінде қалалық және аудандық милиция бөлімдеріне зор, әрі жауапты міндеттер жүктеледі. Паспорт етюддарының жұмысын азаматтардың, сондай-ақ тіркеуге және тіркеуден шығаруға жауапты адамдардың өздеріне керек мәселелерді қысқа мерзім және өздері үшін қолайлы уақытта шеше алатындай етіп ұйымдастыру қажет.

А. ГОРБАЧЕВ,
Милиция майоры.

Жыл аяғына дейін совхоз тағы да бірнеше жаңа техника алатын болады.

ЖИДЕК - ЖЕМІС БАҒЫ

Мұнда агроном-мелиоратор Собисаров жолдас бірнеше жылдан бері жидек-жеміс бағын өсіру жолында жанамай еңбек етіп келеді. Кәзір жидек-жеміс бағының көлемі 15 гектарға жетті. Онда 15 түрлі алма ағашы, 4 түрлі қарақат ағашы және басқа да көптеген жидек-жеміс ағаштары бар.

Бақша жанында түрлі жеміс ағаштары мен көркейткіш ағаштарын өсіретін питомник бар. Бұл питомник Сугровск орман шаруашылығына 80 мың түп көркейткіш жас ағаштар берді.

Үстіміздегі жылы совхоз жидек-жеміс бағы мен питомниктен 40 мың сом кіріс алмақ.

дің бақылау жөніндегі комиссиясы арасындағы өзара қатынастар туралы мәселе болып табылады. Кейбір делегациялар, атап айтқанда, француз делегациясы аралас комиссиялар бейтарап мемлекеттердің комиссиясына белгілі бір дәрежеде бағынуга тиіс деген пікір айтқан. Совет делегациясының пікірінше, мұндай жағдай

Индия әйелдерінің бірінші ұлттық конгресінің ашылуы

КАЛЬКУТТА, 5 июнь. (СОТА). Кеше Калькуттада Индия әйелдерінің бірінші ұлттық конгресі ашылды. Конгрестің жұмысына 16 штаттың прогресшіл әйелдер ұйымдарының өкілдері — 850 делегат әйелдер қатысуда. Заңда «Біз Индия әйелдеріне барлық право берілуін, Индия балаларын қорғауды талап етеміз», «Тең еңбек үшін, тең еңбекақы төленсін», «Индия әйелдері әлеуметтік экономикалық және саяси теңдікті талап етеді», «Халықаралық ұзақ және баянды бейбітшілік жасасын!» деген ұрандар жазылған плакаттар ілінген.

Президиумда елдің қоғам қайраткерлері, сондай-ақ, Англиядан, Австралиядан Индияға келген қонақтар, Пакистан мен Непаль әйелдерінің өкілдері.

Конгрестің делегаттарын құттықтай келіп, Батыс Бенгалияның қоғам қайраткері Урмина Дели былай деп мәлімдеді: «Біз, әйелдер, соғыс пен бейбітшілікті, анықты пен тоқтықты, біздің балаларымыздың су тегі бомбасының жемі болу жағдайының, бейбітшілік пен молшылыққа бөлене алатын жағдайының айырмашылығын жақсы білеміз. Біз балаларымыздың қашан да болса соғыс зардабын тартуын көргіміз келмейді, сондықтан да біз бейбітшілікті тілейміз».

Делегаттардың бірауыздан қабылдаған Конгресс секретариатының баяндамасында былай делінген: Пенджаба, Дели, Асама

және Индияның басқа аудандарында мыңдаған әйелдер американо-пакистан агрессорлық шартына қарсы наразылық білдірген шақыруға қол қойды, елдің ірі қалаларында әйелдер митингілерге белсене қатысты. Ол митингілерде әйелдер атом, су тегі және басқа жашай қырып-жойтын құралдарға тыйым салынуын талап етті.

Конгрестің делегаттары қонақтардың сөйлеген сөздерін қолшалақтаумен қарсы алды. Заңдағылар Пакистан әйелдерінің делегациясын орындарынан тұрып қарсы алды. Оларға гүл будақтары мен жанды гүлдер берілді. Конгрестің мінберінен Пакистан делегациясының басшысы Индия әйелдерін «Халықаралық бейбітшіліктің жауы — шетел империалистерінің Индия мен Пакистан әйелдерін адастыруына жол бермеу үшін» қырағалыққа шақырды. Сөзінің соңында Пакистан делегаты әйелдерді бүкіл дүние үзіндегі бейбітшілік үшін бірлескен күреске шақырды.

Непальдің өкілі Индия әйелдерін Непаль әйелдері олармен бірге өздерінің семьяларының тыныштығы үшін күресте, халықаралық бейбітшілік үшін күресте бірлесіп қыймыл жасайтын болатынына сендірді.

«ГЛАВМУКА» завод басқармасына тұрғын үй және өнеркәсіп құрылысына тәжірибелі десятик немесе прораб, жер қазушылар, ағаш шеберлері, жүк тиешілер және түрлі жұмысшылар КЕРЕК. Петропавл қаласы, Ерназаров көшесі, 80-үйге, кадр бөліміне келіп түсінік алуға болады.

циясы бүгінгі мәжілісте былай деп мәлімдеген: егер халықаралық комиссияның құрамы мен міндеттері жайында, сонымен қатар кепілдік беруші елдердің міндеттемелері жайында келісімге қол жеткен күнде, КХР ұсыныстарында айтылған барлық басқа мәселелер жөнінде келісімге жету қыйыншылық тудырмайды.

НОРВЕГ ӨКМЕТ ОРЫНДАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛШІ ЖҰМЫСШЫЛАРҒА ҚАРСЫ ЖАЗАЛАУ ШАРАЛАРЫ

ОСЛО, (СОТА). Фредриктаде қаласындағы «Торп Брюг» кәсіпорнында жұмысшылар ереуіл жасауда. Кәсіп иелері өкмет орындарынан ереуілді тоқтатуға шаралар қолдануын талап етуде. Мысалы, кәсіп иелері бірлестігінің председатели Эрландсен жуырда буржуазиялық газеттердің бетінде мақала басып, бұл мақалада өкмет орындарын «Торп Брюг» кәсіпорнында жұмыс істеуге рыйзалық білдіргендерді, яғни штрейхбрехерлерді «тиімді түрде» қорғауды жүзеге асыруға шақырған. Кәсіп иелеріне көмектесуге тырысып, полиция мен сот орындары ереуілшілерге ақшадай штраф төлеттіру арқылы қудалап қана қоймай, сонымен бірге ереуілшілерді қолдаған адамдарды да қудалауда. Мысалы, жуырда полиция Ослода «Торп Брюгтің» ереуілші жұмысшыларына тілектестік білдіру митингісін өткізуге тыйым салған.

Кеше «Фрихетен» Ослоның бірқатар кәсіпорындарының 500 жұмысшылары қол қойған мәлімдеме жариялады, бұл мәлімдемеде жұмысшылар өздерінің «Торп Брюг» кәсіпорнының ереуілші жұмысшыларымен тілектес екендігін атап көрсетіп, оларға бұдан былай да материалдық көмек көрсететіндігін мәлімдеген.

ГАЗЕТ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕСІНЕ
Газетіміздің келесі номері осы жылғы 10 июньде, бейсенбі күні шығады.

Редактор Ф. МУХАМЕДЖАНОВ.

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ПАРТИЗАН БАЛАЛАРЫ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«МОИЫНДАҒЫ АННА»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«Главмука» завод басқармасына тұрғын үй және өнеркәсіп құрылысына тәжірибелі десятик немесе прораб, жер қазушылар, ағаш шеберлері, жүк тиешілер және түрлі жұмысшылар КЕРЕК. Петропавл қаласы, Ерназаров көшесі, 80-үйге, кадр бөліміне келіп түсінік алуға болады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР. редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-52, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.